



Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы


Абонемент бөлімі

«Әдеби әлем»

жоба бойынша бөлімнің үздік іс-шаралар
панорамасы

«Мир литературы»

калейдоскоп лучших мероприятий отдела,
проведенных в рамках проекта



Арқалық 2016 ж

Құрастырушыдан

Әр адамның ең жақын досы,..
Өмір досы кітап болуға тиіс.
М.Әуезов.

Кітап - ғылым, білім жемісін халық арасына жаюшы, таратушы. Кітап ақылдың кені. Кітап - бар білімнің бастауы, бар ғылымның бастауы. Кітап - барлық заманда да білім қазынасының ғажайып қоймасы.

«Кітап – білім бұлағы». Осы бір аталы сөз қай ғасырда, қай заманда болмасын өз құнын жойған емес. Бүкіл адамзат тарихында көне дәуірлерден сақталып келе жатқан тастағы таңбалардан бастап, көптеген жазу-сызулар арқылы бізге жеткен ақыл-ой, ғылым-білім қазыналары кітап арқылы игілігімізге асуда. Кез келген адамның білімі мен танымының, ой-өрісі мен са-на-сезімінің дамуына кітаптың ұланғайыр әсер ететінін айтып жатудың өзі артық болар.

«Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік» - деген еді Ғабит Мүсірепов. Кітап таңдап талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерінді өмір қажетіне жарата білу – әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі. Міне осы асыл қазынаны оқу қазіргі таңда төмендеп отыр. Өкінішке орай көркем әдебиетке деген өз бетімен балалардың қызығушылығы азайды.

Соңғы онжылдықта жағдай күрт өзгерді. Ұлы ойшыл Шекспир: “Кітап-маған тақтан да қымбат”, - деп кітаптың құдыретіне табынды, бүгінгі жедел ақпараттың тасқынының тасасында қалып бара жатқан “кітап әлемін” қайта жандандыру – кітапханашыларға жүктелген үлкен міндет. Кітап оқу мәселесі бүкіл ұлтты толғандыруы тиіс. Ұлттың рухани сауаттылығы кітап оқуға тікелей байланысты.

Жаңа заман талабына ілесу – әр кітапханашының міндеті. Сондықтан жас ұрпақты кітапқа баулу мақсатында Арқалық қаласындағы облыстық №2 ғылыми әмбебап кітапханасының абонемент бөлімі 2012 жылдан бастап 5 жылға арналған «Әдеби әлем» жобасымен жұмыс атқарып келеді.

Жоба аясында осы жылдар ішінде 60-тан астам Қазақстандағы маңызды естелік күндер, жазушылар мен ақындардың мерейтойлары, қоғамдық оқиғалар күндері аталып өтті. Осы жоба аясында өткізілген Ең үздік іс-шараларды сіздердің назарларыңызға бұл жинақта ұсынып отырмыз.

Жинақтағы материал қазақ және орыс тілдерінде ұсынылған және алфавиттік ретпен орналасқан.

Бұл библиографиялық көрсеткіш абонемент бөлімінің қызметкерлерінің құрастырған сценарийларынан алынған.

Бұл жинақты кітапханашылар мен ұстаздарға қолдануға болады.

От составителя

Книга есть жизнь нашего времени
И в ней все нуждаются - и старые
и молодые, деловые и ничего не
делающие.

В. Г. Белинский

Семь чудес света создали люди в древности. Но есть одно чудо света, не менее удивительное, оно знакомо каждому из нас, но мы настолько привыкли к этому творению человеческого разума, что редко задумываемся над историей его создания. А чудо вот оно: лежит всегда под рукой и, как настоящий друг, готово в любую минуту прийти на помощь, научить, посоветовать, ободрить, рассказать об интересных событиях. Мы говорим о КНИГЕ, об этом гениальнейшем изобретении человечества. Книга всегда останется важнейшим средством становления интеллекта и культуры человека. Вместе с чтением она формирует взгляды на мир, диктует поступки, оттачивает характер. Она является могучим оружием образования и воспитания, потому что в книге собрана мудрость всего мира.

В последние десятилетия ситуация резко изменилась: одна из наиболее важных проблем современного литературного образования – непрерывное сокращение чтения, в современном Казахстане сейчас наблюдается кризис чтения. Проблемы чтения ныне стали в один ряд с важнейшими государственными задачами сохранения и развития национальной культуры.

Для продвижения чтения и поддержки читательской культуры с целью приобщение населения к чтению как необходимому инструменту духовного и интеллектуального прорыва нации, отдел абонемент ОУНБ № 2 г. Аркалыка разработал и в течение 5 лет (с 2012 года) работает по проекту «Кітап әлемі» «Мир литературы». Цель проекта — развитие и поддержка общественного интереса к чтению и книге, поддержание высокого престижа чтения в общественном сознании.

В рамках проекта, за эти годы были проведены более 60 массовых мероприятий, посвященные юбилейным и памятным датам писателей, поэтов и знаменательным датам Казахстана. На основе проведенных мероприятий, отдел абонемент подготовил информ-сборник – «Калейдоскоп лучших мероприятий отдела», которые включены в данное пособие.

В данной работе мы не претендуем на законченное исследование, отдел продолжает работу по проекту, и информ-сборник будет продолжен. Это первый выпуск информ-сборника.

Материал в пособие представлен на казахском и русском языках и расположен в порядке алфавита.

Библиотечное пособие составлено на основе сценариев отдела абонемент ОУНБ № 2 города Аркалыка и предназначен для библиотекарей и педагогов.



*Ата –бабам мекендеген Торғайым,
Өткеңді, өскеніңді ойлаймын.
Талдап қарап, тарихыңды зерттесем,
Елдігіңе ерлігіңе тоймаймын.*

М.Хакімжанова

М.Хакімжанованың туғанына 110 жыл

«Естең кетпес асыл бейнең»

(поэзия кеші)

Мақсаты: М.Хакімжанованың өмірі мен шығармашылығы жайлы насихаттау, оқушылардың поэзияға деген қызығушылығын арттыру, ақынның ірілігі мен парасаттылығын айқындай түсу.

Көрнекілігі: слайдтар, кітап көрмесі, т.б

Ұйымдастыру:

Жоспары:

I. «Өлеңмен өрілген өмір».

II. «Мәншүгім –мақтанышым»

III. “Өкінбеймін өлдім деп” Замандастар көзімен

Бейнежазба №1

1-жүргізуші

Қайырлы күн оқырмандар, қонақтар! Бүгінгі өткізгелі отырған поэзия кешіміз ХХ ғасырдағы әдебиет пен мәдениетіміздің белгілі қайраткері, қазақтың көрнекті ақыны, жерлесіміз, Қазақстанның халық жазушысы Мәриям апа Хакімжанованың жыр әлеміне арналады.

2- жүргізуші

Қостанай жері кең –байтақ. Жазық дала егінмен толқиды. Сол дала шырқап салған әнді сүйеді, өзіндей кең құлашты жырды сүйеді. Жазық жонда келе жатқан салт атты дала аспанын басына көтеріп ән салады. Сол ән даланы қуалап желмен бірге қанат қағады. Жазық дала жарлы емес. Онда алтын да бар, темір де бар, астық та бар, талантқа да бай. Ол даладан шыққын талантты ақын жазушылар аз емес. Сол даланың сандуғаштарының бірі – Мәриям апа Хакімжанова.

Арнау өлеңі оқылады. Н. Мұқатов «Ақын - ана»

1 – жүргізуші

Ағайынды бесеуміз бірге туған.

Жарыса өстік жасқанбай от пен судан.

Екі аға, екі інім бар ортасында,

Жалғыз қыз боп қасқайып өзім туғам.

Өр көкірек ұлдардың арасында,

Жалғызбын деп қорғалап қаласың ба?

Өлең атты ақ құстың қанатында,

Кетіп барам ақындар санатында.

деп Мәриям апамыз өзі жайлы осылай деп жырлаған екен.

Осыдан тура жүз он жыл бұрын, яғни 1906 жылдың қараша айында Қостанай өңірінің Мезгіл деген қайыңды тоғайының бауырындағы Хакімжан мен Төлегеннің отбасында Едірес, Ахметжан дейтін ұлдарынан кейін асыға күткен қыздары дүниеге келді. Жерге шыр етіп түскенде, әкесінің жанға өлшеген жақсы айғыры мерт болды. “Қызым құнын алып туды”, деді әкесі. Өзінен кіші Мәрзия атты сіңлісі төрт жасында қайтыс болды. Екі аға және Мұхамеджан, Жақия есімді інілерінің ортасында Мәриям бұлаңдап өсті. Алғашқы ұстазы Сұлтанғазы Ахметовтен жеті жасынан сауатын ашып, бабасы Ыбырай Алтынсарин негізін салған “орысша, қазақша оқытатын ауылнайлық школа” деп атайтын мектепте оқыды. 15 жасында Тобыл өзені бойындағы Ботпаншық өткелінің Нысанбай ауылына келін боп түсті. Жолдасы Сыздық күйші, домбырашы, сері жігіт еді. Зәкәрия есімді ұл сүйгенімен қуаныштары ұзаққа созыл-мады. Алдымен ұлы, көп ұзамай Сыздық та өмірден озды. Жиырма жастан енді ғана асқанда жесір қалды.

2 – жүргізуші.

1929 жылы Алматыға оны бүкіл ел боп шығарып салды. Қарт ата-ана, абысын-ажын, бала-шаға қимай қоштасып, үй-ішіндегілер Мәриямның қолдарының балшыққа сұлбасын түсіріп, қатырып, сандыққа салып қойды. “Сені сағынғанда, саусақтарыңның ізін ұстап, мауқымызды басамыз”, деді.

Шығармашылығы туралы бейнежазба № 2

1 – жүргізуші.

1935 жылы “Жеңешем өлеңдері” кітабы жарық көрді.

Әр жылдары шыққан “Ана махаббаты”, “Жыр асуы”, “Бөбегім менің – өлеңім менің”, “Ана көктемі”, “Гүл туралы аңыз”, “Намыс”, “Өткелдер” және басқа да жыр жинақтарын қалың оқырман жылы қабылдап, ақын ретінде ғана емес, халық ауыз әдебиетін жинап-зерттеуші, атақты Мұрын жырау, Жамбыл, Омар Шипин, Нұрпейіс Байғанин, Абдолла Жұмағалиев, Мұқан Төлебаев, Тайыр Жароков және басқа да тұлғалар туралы жазған аса құнды естелік, мақалаларымен тарихтан өз орнын ойып алды.

Кешіміздің қонағы : Мәриям апамыздың көзін көрген, хат алысқан, дәмдес болған , зейнеткер- Шынар апамызды ортаға шақырайық.



2 – жүргізуші.

Поэзия кешіміз ауысша журнал түрінде өтілмекші. Журнал үш беттен тұрады.

1-беті: «Мен –қазақ қызы асқақ үнді».

2-беті: «Ерлік жырлары»

3 – беті: «Қаламдасым – қанаттасым»

Мәриям апамыздың поэзиясы мейірімді, майда лепті, шарапатты поэзия.

Мен қазақтың қызымын шыққан жайнап,
Бақытсыз балалығын жаспен жуған.
Тайталасып тағдыры табындырып,
Аршып алған Октябрь оқ пен удан.
Кеудеме жыр көзіме нұр құйылды.
Ағағаларым көтерген қызыл тудан
Қуаныштың құдіреті кетті билеп,
Тебіренді бүгінгі толы думан.

1-жүргізуші

Ақын апамыз Алматыда жарты ғасыр тұрса да, көптеген жырларын туған жеріне, өскен еліне арнады. Баладай шаттанды, анадай мейірленеді. Ақын жырларының өзі ана сүті секілді. Содан болар оның кітаптарының көпшілігінің аты да ана сөзімен байланысты. «Ана махаббаты», «Ана жүрегі», «Ана көктемі», «Ана мейірімі», кітаптарында ана жүрегіндегі, ана көңіліндегі махаббат туған жер перзенттеріне ыстық сағыныш болып төгіледі. Кезекті ана тақырыбында жазылған өлеңдеріне кезек берейік.

«Ана дауысы», «Ана жыры»

2- жүргізуші.

Мәриям апамыз – аяулы ана, асыл әже. Тек қана өз баласын емес, ақындық жолындағы жастарға ана бола білген Мәриям апамыздың рухына арнап «Ана туралы жыр» әнін тарту етеміз.

1 – жүргізуші

Мәриям апамыз - ардақты ару, аяулы әйел, азамат әйел, абзал ақын атанған ақ самайлы апамыз Тобыл мен қазыналы Қостанайын бір сәт те естен шығарған емес. Оның Қостанай қаласының құрметті азаматы атануы да осыдан. Тіпті Алматыда отырып, Қостанайда шығып жатқан «Қостанай таңы», «Дала қоңырауы» газеттерін жыл сайын үіне үзбей алдыртып отырғанын өзі өз тілімізге деген құрметі, туған топыраққа тамыр жаятын мәдениетіміз бен өнерімізге деген жанашырлығы еді.



Ендеше туған жеріннің табиғатын, жерін, Торғай туралы толғауларын тыңдасақ.
«Маған қымбат» -
«Мезгілім» -
«Тобылым менің, Тобылым» -
Керуен басы – Қостанай» -
«Торғай толғауы» -

Бейнежазба музей туралы.

Ән: «Торғайым»

2- жүргізуші.

Мәриям апамыздың поэзиясындағы келесі тақырып – достық.

1963 жылы әйелдердің Москвада өткен Дүние жүзілік конгресіне қатынасқан туысқан Монғолияның делегат әйелдері Алматыны аралап қайтқан болатын. Соларға арналған өлеңін тыңдап көрейік.

«Жылына жүз келіндер».

1-жүргізуші

-Ерболат, ия, дұрыс айтасың бұл достық өлеңі бейбіт өмірге арналған екен.

-Балнұр,мына өлеңді тыңдашы.

“Білемін бұлбұл сайрамас.

Жоғалса үні көмейден...

Санасыз алдын ойламас.

Артықпын елден демеймін.

Көкірегім кең, қол қысқа,
қанатымды қалай сертпейін?

Еркін шырқап кетпедім,

Еркіндікке бір жетпедім”, –

2 – жүргізуші.

Ия, бұл өлең 1953 жылы жазған жыр шумағынан ақынның бүкіл трагедиялық болмысын айқын аңғарасың. Мәриям апамыз іштей тұншығып-булығып өткен ақын. Өз замандастарындай партияны, мавзолейді, көсемдерді, жұмысшы табын жырлауға мәжбүр болды.

1- жүргізуші.

Бұл топқа, негізінен ақын апамыздың В.И.Ленин, Коммунистік партияның жетекшілік рөлін насихаттаған және Ұлы соғысы жылдары мен оның тың көтеру науқанын қолдап жазған өлеңдерін кіргізуге болады.

2 – жүргізуші

Ауысша журналымыздың келесі беті «Ерлік жырлары»

Ендеше мен атап өтейін.

«Ленин деп мен жырлаймын», «Еңбек күйі», «Ленин мавзолейінде»,

«Кремльде», «Сол үшін мен дауыс берем», «Күннен кем бе қуатың ұлы

Октябрь», «Съезд делегатына» т.б

Бейнежазба «Мәншүк» туралы.

1 – жүргізуші.

Жалпы Мәриям апамыздың шығармашылығы туралы Ұлы Отан соғысы тақырыбын, оның ішінде «Мәншүк» поэмасына тоқталмай кете алмаймыз.

Ақын апамыздың «Мәншүк»поэмасы – поэзияның кең айдынына қанат қаққан сапарындағы сәтті туындысы, шырайлы шығармасы. Поэма ерліктің гимні секілді. Поэмада әрбір сөз, әрбір дыбыс ән болып шалқып, күй болып күмбірлейді.. Ақын қаһарман қазақ қызына әдеби ескерткіш соғу үшін ондаған жылдар бойына ерінбей еңбек етті. Мәншүктің соғысқан жерін

аралады. Қабіріне барып қаһарман қыздың рухына бас иді. Ақынның өзі айтқандай бұл поэманың әрбір жолдары көз жасымен, жүрек қанымен, қара шашқа түскен ақ талдармен, ерліктің өшпес отымен, қара шашқа түскен ақ талдармен, ерліктің өшпес отымен жазылған. Мәриям апаның «Мәншүк» поэмасы қазақ поэзиясында көп жасайтын ұзақ өмірлі поэмалардың бірі.

Қара шашы қара бұлтпен жауғандай

Қара қасы аймен егіз туғандай

Желмен ойнап, желбіресе кекілі

Күн шұғыласы маңдайында тұрғандай.

Меруерт тісті, қызыл ерін, қыр мұрын

Алма бетті, дөңгелек жүз, сөз шырын

Қолдан құйған қорғасындай денесі

Қылығымен қызықтырған көз нұрын,- дейді

2 – жүргізуші

Мәриям Хакімжанова өзінің сүйікті кейіпкері Мәншүк жайында, оның ерлік көрсеткен «Мәншүк» поэмасы 1945 ж. жазылған.

Кезекті «Мәншүк» дастанына берейік.

1 – жүргізуші

Кіл өңкей жақсы-жайсаңның арасында тірлік кешкен М.Хакімжанова тағдыры да сол зиялы топқа ортақ қадір-қасиетпен өзектес өрбіді. Жас шамасы өзінен үлкен де, кіші де оған ана деп қарады. Ақындық қолтаңбасы да осы ардақты атқа лайық қалыптасты.

Қаламдасым – қанаттасым, достарым,

Көп те емес, үлесіңе қосқаным.

Сендерменен көбейемін, сенемін,

Өзімдей боп ойласандар дос қамын! –деп өлеңдерінің біразы қаламдас достарына, анасына, құрбыларына арнау арнаған.

Кезекті ақын апамыздың арнауларының бірнешеуін сіздерге оқып берейік.

«Анама», «Мұхтар аға», «Бұлбұл қызы қазақтың»

3 – беті «Қаламдасым - қанаттасым» Бейнежазба /лебіздер/

1- жүргізуші

Бұл арада дүниеден өткен әріптес лебіздерінің кейбірін ғана келтіріп отырмыз. Тізе берсең, жүздеп, мыңдап саналады. Замандастары Мәриям ақынның бейнесін шынымен-ақ ешқашан өшпейтіндей, өлмейтіндей сомдапты. Соны өзінің біліп кеткені қандай қуаныш!

Мәриямның кішкене аласа үйінен дәм татпаған, шабыт алмаған, оған өзінің мархабатты анасындай көріп еркелемеген қазіргі орта буындағы ақын-жазушылар кем болар-ау. Осы Қуандықты, Ғафуды сол Мәриямның аласа үйі жыр ұясындай биікке ұшырған секілді болады да тұрады маған.

Сырбай Мәуленов.

Мәриям ақын поэзиясына қосқан үлесімен ғана емес, өзінің азаматтық адалдығы, еңбектегі табандылығы, анаға жарасар байсалды мінезімен де бүкіл қазақ қыздарына үлгі де, өнеге де бола алады.

Қайнекей Жармағамбетов.

Қайғырдың – саспадың, Қуандың — таспадың, Қызғана білмедің қызығын басқаның. Шықпаса бүгінгі бастаған дастаның, Күні ертең тағы да қайтадан бастадың. Бал салған арадай түзеттің ұяңды, Қай Ана өзіндей тәтті бал жия алды?! Мен бүгін мақтаныш етемін, Мәкетай, Ой тапқыш қалам мен күй тартқыш сиянды.

Әбділда Тәжібаев.

Мәкең ол — өз халқының баласы да, Мәкең ол – жастарымыздың анасы да, Мәкең ол – ағалардың ағасы да, Мәкең ол – даналардың данасы да!
Сейітжан Омаров.

Ең әсем ана жайлы өлең сенсің, Тастаған тарих өзі бір-ақ жазып.

Ғафу Қайырбеков.

Ол сөйлесе жүзінді нұрландырып, Жан дүниен қалады бір жаңғырып.
Жалғыз жұлдыз секілді ол таңда туған, Мың жұлдыздың ішінде тұрған күліп.
Сағи Жиенбаев.

2-жүргізуші

Мәриям апамыз туралы жыр да, сыр да таусылмайды.

Ақын - қоғам айнасы. Оның өлеңімен бүкіл халық қасиеті өлшенеді. Оның жырлары бір елдің басынан кешірген дәуірдің сипаты мен суреті болмақ.

Ұлт анасы Мәриямның тағылымын теңрең одан әрі жалғастырып-жаңғырту, оның өнеге-үлгісін насихаттау біз үшін зор абырой.

Мәриям апайдың ұзақ жыл бойы совет әдебиетіне сіңірген адал еңбегін партиямыз бен өкіметіміз жоғары бағалап,

«Еңбек Қызыл ту», 2 рет «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше рет медальдармен марапатталған.

Келесі сөз кезегін облыстық №2 Ғылыми әмбебап кітапханасының басшысы Нұрманова Алма Жақсылыққызына сөз береміз.

1-жүргізуші

Ия, апамыз бүгінде өмірде жоқ. Бірақ оның шығармалары бүгін мен болашақтың асыл мұраттарына мәңгі қызмет ете береді.

«Мәңгі жаса Мәриям мұралары» атты кітап көрмесіне шолу.

2-жүргізуші

«Өлді деуге сия ма, айтыңдаршы,

Өлмей тұғын артына сөз қалдырған» деп Абай атамыз айтқандай, өшпес жырлары барда Мәриям апаның есімі жадымызда сақталады.

Құрастырған кітапханашы:

Исабекова Л.Б.

Пайдаланған әдебиеттер:

Хакімжанова М. Шығармалары: үш томдық. 1-том. Өлеңдер, поэмалар, жазбалар / Хакімжанова М.; құраст., алғы сөзін жазған: М. Қожахметова. - Алматы: Ана тілі, 2006. - 328 б.

Хакімжанова М. Шығармалары: үш томдық. 2-том. Естеліктер, мақалалар / Хакімжанова М.; құраст., алғы сөзін жазған М. Қожахметова. - Алматы: Ана тілі, 2006. - 328 б.

Хакімжанова М. Шығармалары: үш томдық. 3-том. Естеліктер, мақалалар / Хакімжанова М.; құраст., алғы сөзін жазған М. Қожахметова. - Алматы: Ана тілі, 2006. - 328 б.

Хакімжанова М. Таңдамалы: [өлеңдер, толғаулар] / Хакімжанова М.; алғы сөзін жазғ.: С. Мәуленов. - Алматы: Жазушы, 1986. - 448 б.

Мұқатов Н. Ақ бұлақ: өлеңдер / Мұқатов Н. - Қостанай: Шапақ, 2003. - 231 б.

Шаяхмет А. Пирамида: эсселер, толғаулар мен мақалалар / Шаяхмет А. - Қостанай, 1997. - 220 б.

Мырзағалиева Күлзада. М. Хакімжанова және халық ауыз әдебиеті: [ақын М. Хакімжанова халық ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы] / Мырзағалиева Күлзада // Ақиқат. - 2011. - № 11.

Тайшина Т. Ерлік гимні: [" Мәншүк "дастаны мен М. Хакімжанова туралы толғаныс] / Тайшина Т.; Толғанай Тайшина // Жас өркен Қостанай. - 2006. - №3. - 10-12



Серікбай Оспанов 70 жаста

*Серікбай шын мәніндегі семсердей
серпінді, қылыштай қынулы,
қанжардай қажырлы, алмастай
алғыр ақын.*

*Серікбайдың әлі де болса, оқырман
танып білмеген, тауып көрмеген
тылсым сырларын, серпінді сері
жылдарын өміріне серік, көңіліне
көрік етіп келе жатқан бүгінгі
күннің кемел ақындарының бірі
екендігін айтуға болады.*

Серік Тұрғынбеков

Даласында Торғайдың дара шапқан (поэзия кеші)

Кітапханашы: Армысыздар, қадірменді оқырман қауым,
және студент жастар!
Жерлес ақын Серікбай Оспановтың 70 жасқа толу мерей тойына
арналған «Даласында Торғайдың дара шапқан» атты поэзия кешіне хош
келіпсіздер!

Торғай өңірі ешқашан таланттарға кенде болған жер емес. Арғы-
бергісін тергемей - ақ, кешегі Сырбай мен Кеңшіліктің арасындағы
ақындарын атап өтер болсақ та екі қолыңның саусағы жетпейді. Оларды жеке
- жеке алғанда, әрқайсысы өзіндік бір - бір әлем.

Қазақ, әдетте, "Серікбай" деген есімді жалғыз балаға өзіме серік
болсын деген ниетпен қояды. Екінші дүниежүзілік соғыстан жаралы болып
елге оралған Оспан ақсақал да жақындап қалған Ұлы Жеңіске үмітпен қарап,
дүниеге шыр етіп келген шақалақ шарананың құлағына азан шақырып бұл
есімді мені жалғыздықтан құтқарсын деген тілекпен қойса керек. Осындайда
ақынның төсек тартып әл үстінде жатқан анасына арнаған бір өлеңіндегі:

"Жалғызымыз!" - дедің,

Қиналып айттың, қимадың,

Жалғыз - ақ сөзбен барлығын маған жеткіздің! -

дейтін жыр жолдары оның тұтас тағдырын көз алдымызға әкелгендей де
болады кейде. Олай болса ақынға арналған арнау өлең жолдарына бір сәт
құлақ түрейік.

Қасымхан Алдабергенов «Дарыған сен қасиет бойға дара»
оқитын Ар.МПИ-ның 1У- курс студенті Жетібай Көбей.

Серікбай Оспанов 1945 жылы Торғай облысындағы Жанкелдин
ауданының "Балдай" аталатын кішкентай ғана елді мекенінде дүниеге
келіпті. Қазақстан картасында атауы жоқ осы бір қазақы қоныста оның тілі
шықты, тұсауы кесілді. Ақындық өнерге жетелеген, оның қолына алғаш
қалам ұстатып, жүрегін тербеген себептердің бірі де оның осы атамекенінің
атауы емес пе екен деп ойға қаласың. Әр нәрсеге ат қойып, айдар тағуға

келгенде бұл қазақ қандай шебер десеңізші!

"Балдай" атауы оны осылай тебірентеді. Бір қасық суының өзі бал татыған Балдай атты құтты қоныс ақындық өнерге аңсары ауып Астанаға кеткен Серікбайды ұзақ жылдар сағындырып, көкейінде мәңгіге ұялап қалған. Ол өзінің баспасөз беттерінде жарық көрген кейбір шығармаларына, осынау алтын бесік атамекенін еске алып, "Балдай Оспанов" деген бүркеншік есіммен де қол қоятынды.

Балдайдан ұшқан темірқанат балапан бұл күнде әлденеше рет қайта түлеп, қазақтың белгілі ақынына айналып отыр.

Оның қаламынан туған тырнақалды туындылары 1969 жылы "Жас керуен" аталатын ұжымдық жинаққа еніп, оқырман қауым қасиетті өлең өлкесіне келіп қосылған жаңа есіммен қауышты. Арада екі жыл уақыт өткен соң жас ақын өзінің "Жүрек лүпілі" атты тұңғыш жыр жинағын жариялап, поэзия жанкүйерлерінің жүрегіне жылылық ұялатып үлгерді. Одан соң бірінің ізін бірі қуалай жарық көрген "Жарқын жастық", "Қайнар бұлақ", "Қоңырау гүл", "Алтын арқау", "Батыр туралы баллада", "Тіршілік тамыры", "Назқоңыр", "Балдай таудың баурайында" атты жыр жинақтарында ақынның алуан түрлі тақырыпта сыр шертіп, ой толғаған өлеңдері, балладалары, дастандары өмірге жолдама алып жатты. Бұлардан басқа балалар әдебиетіне қосқан үлесі мен аударма һәм сатира салаларында еткен еңбегі өз алдына бір төбе. Қысқасы, қолына қалам ұстаған ақын Серікбай Оспанов қары талмай, қарымды еңбек етті.

Енді келесі кезекті ақынның көз таныс замандасы зейнеткер атамыз Әбдіғали Байтұрсынұлы Жантасов. (Арнау өлең) .



«Серікбай ақынның 70 жылдығына»
Серікбай сен Торғайдың тілегінде,
Сақталған жырың елдің жүрегінде.
Жастарға сөзің үлгі, ісің мұра,
Жалғасқан болашықтың ілегіне.
Құт болсын 70 деген жеткен жасың,
Тартпасын талабыңнан бақыт басын,
Бас тамған бармағыңнан ақын інім,
Әрқашан алла алдыңнан жарылқасын.
Жырыңды елің сүйген, таңқалып шын,
Әр жолын әнге қосқан жайқалып тың.
Жолдайды құшақ жая ыстық сәлем,
Бар халқы өнер сүйген Арқалықтың.

21.05.2015 жыл.

Ақын- өлеңді өнерлеп, өрнектеп жазудан гөрі оны өзінің табиғатынан тудырғанды қалайтын қарапайым қалам иесі. Сондықтан да оның өлеңдері, негізінен, қызықты, қоңыр болып келеді. Ақынның "Шашу" атты өлеңінде бір қарағанда, елең еткізер ерекше ештеңе де жоқ сияқты. Бірақ оқырманды өзіне баурап алар бір жылылық бар. Ол жылылық неде?

Ұлы қолына құс қондырып, келін түсіргенде, тағы сол сияқты қуаныш үстінде кейуаналардың шашу шашып, елдің мәресәре болуы ұлтымыздың

ежелгі үрдісі ғой. Бақсақ, шашу жай ғана салт - дәстүр емес, "шашылып жатқан шаттық" екен. Ақын оны образды түрде "көк аспанға салют болып атылған ананың көңіл қуанышы" деп, жиырмамыншы ғасыр перзентінің көзімен көріп отыр. Ананың шашылған қуанышын теріп, онымен тәтті десе тамсанып сілекейін шұбыртқан балаларды қуанту шынында үлкен шаттық емес пе?! Ал осы суретті көзі көріп өскен қазақы оқырманды әсіре қызыл бояумен алдаусыратудың қажеті бар ма, сірә! Әрине, жоқ! Серікбайдың өлеңіндегі қарапайымдылық та осындай себептерден туып отыр.

Қазекеннің қызық мінездері көп қой. Әлемде теңдесі жоқ балажанды халық бола тұра сәбиімізді дүние есігін аттаған алғашқы күнінен бастап шектеп, тыйып өсіруге пейіл емеспіз бе?! Ақын назар аударуға тұрарлық осы бір жәйтке елеусіз қарай алмайды.

Әрине, ұйқасып дүниеге келген сөз тіркесінің бәрі өлең емес. Абайдың мақсаты "тіл ұстартып, өнер шашпақ" болса, бүгінгі ақындарымыздың ешқайсысы да бұл мұраттан бас тартып отырған жоқ.

Сондықтан да біз қай - қай қаламдасымыздың болса да өлең - жырларынан тек қарапайымдылықты ғана емес, нағыз жауһар поэзияға - хас ару сөз іздеуге хақылымыз. Ондай жыр кестелерін Серікбай Оспанов шығармашылығынан көптеп кездестіруге болады. Ол махаббат тақырыбында жазылған бір өлеңінде:

Бақыт - бұлақ, көргем жоқ қанып ішіп,
Өзің жаққа кеткендей жаным ұшып.
Жүрегімізді алған ба алмастырып,
Әуелде өзі табиғат жаңылысып?! -

деп, ғашық жарын шынайы сырласуға шақырса, келесі бір орамда оқыстан ойға түскен образды тіркестерді түйдектете келіп:

Бақытымның - қолында кілті нұрдың,
Әдемісі де өзінде күлкі - гүлдің.
Тағы, міне, жатырмын ұйықтай алмай,
Арасында сен тұрсың кірпігімнің, -

деп, сезімді селт еткізеді.

Ақынның әкесі Оспан саусағынан өнер матған ұста, керемет ағаш шебері екен. Бес қызы болған. Серікбай жалғыз ұлы ортасында жүреді екен. Ақынның кейін жасылған «Түбіт қолғап» деген терең толғанысқа толы философиялық өлеңінде былай деген:

«Жүруші ем сеніп үмітпен
Жалғыз ұлды нске алыпсыз
Жан апа қолғап салыпсыз.
Сонау бір жылдар
Қатер..
Мұң..
Көз алдымнан өтті-ау сәт
Соғыста болған әкемнің
Екі қолында бессаусақ...» - деп әкісәнің соғыстан қолы кеміс

болып оралғанын мұңлы күймен еске алса,

Қамығып өтер қалды күн,
Өкініштің өшті ізі
Артында қалған бар бүгін
Бес саусағындай бес қызы
Еске алар мені ешкім жоқ,
Деп жүрем бәрі ұмытты
Бес саусақ қолғап бес қыз боп,
Жанымды апа жылытты. - деп жан тебірентер сыршыл өлең жазған
бүгінгі ақын Серікбай Оспанов тағы да былай деген екен:

«Сыраға сыр айтуға құштар жаным,
Қиялға сізді көріп ұшты арманым,
Осы сіз білесіз бе?,
Алғаш рет

Қаламым сіздің үйде ұшталғанын?! деп өзінің сол ағаларының қасында жүріп, яғни Сырбай Мәуленов пен Ғафу Қайырбектовтар арқылы ақындармен қатар өскенін мақтан тұтады.

Ақынның жүректен шыққан өлеңдері оқырман көңілінен шығып, кезінде әдебиеттанушылар тарапынан лайықты, бағасын алған болатын. Сөйтіп ол бүгінгі күні толған, толысқан сырбаз ақынға айналды.

Ақынның қалам тартпаған тақырыбы жоқ десе де болады.

Оның өмір мен тіршілік туралы оқырманға ой салатын сан қырлы толғаныстары, туған жер мен махаббат туралы жүректің түкпірінен шыққан шынайы сезім жырлары бір төбе.

Торғай топырағында туған кемел жырлардан сусындаған ақын жүрегімен сәуле төккен Сырбай сыршыл ақын десеңіз де, Нұрхан мен Ғафурдай дауылпаз, төкпе ақын немесе Қайнекейдей баллада жанрының майталман шебері десең де сияды. Осыған орай ақынның «Жетелеген ақ арман алға сенім, ақын Тұрхан жырының жалғасы едім» деген өлең жолдары куә. Ақынның туған жерге деген сағынышын, толғанысын төмендегідей жырларынан жиі кездестіруге болады.

Арқалық жайлы жазған өлеңі «әні Ғ.Құрмановтікі «Арқалық» атты әні құлақтың құрышын қандырар әсем әуен «Арқаның ақ иық қаласы Арқалығы жайлы өзінің жүрегінен шыққан ыстық ықыласын білдірген өлеңі.

Енді ақынның туған жерге деген сағынышын бір сәт тыңдап көрейік.

«Назқоңыр» кітабынан «Ассалаумағалейкум қарт Торғай»

Оқитын АрМПИ студенті Сағынбаев Батырлан.

«Суреті тұр көз алдымда Торғайдың»

«Торғай сені келеді гүлге орағым» оқитын АрМПИ студенті Рысбек Тынысбек.

Кім- кімнің де туған жерге деген сезімін қылтықтайтын жоғарыдағыдай әдемі өрілген жыр жолдары Серікбай ақында көп –ақ.

ән .Қ.Деріпсалдин «Айлы түнде».. орындайтын Әбдіхамитов Тоқтар.

«Серікбай Оспанов өлең ырғағына да өзгеше өң беріп, бояу беріп махаббат жырларын қиялға айналдырып жібереді екен»-деп ақын

Т.Молдағалиев кезінде бекер айтпаса керек еді.

«Бұл жүрек ақыл айтсаң тіл ала ма?
Мен саған ғашық болсам кінәлама.
Шығып-ап тұрмын міне бас айналып,
Махаббат деген биік мұнараға.
Апыр- ау, не қалаймын шөлдедім бе,
Ақыл –ау сол сезімге көнгенің бе?
Сор алып келді ме ,әлде бағым ба екен?

Оралып қалдым жаным өрмегіңе..... міне нағыз ғашық жанның монологаы! Осылай лағыл болып жарқырап, оттай боп жанып тұрған махаббат тақырыбына арналған өлең жолдары да жүректе жыр болып оқылып, ән болып шырқалғандай. Сол сияқты жүректі тербер сағыныш сезіміне бөлеп. тербейтін мына өлең жолдары..Бұрын байқап ойға алып елеппін бе?,

Сыр шертеді екен ғой терек түнде.
Жапырағы сипайды тереземді,
Еске алсын деп ұмытпай сен ектің бе?.

Олай болса ақынның махаббат, сезім жайлы өлеңдеріне кезек берейік.

- 1.«Махаббат бар» оқитын Дәурен Айдана.
2. «Самалым, шуағым- ау» . Ерболат Нұх.
3. «Сен жайында ойладым да түнімен» оқитын Рысбек Тынысбек.
- 4.«Аққу ұшып барады» әні Қ.Деріпсалдиндікі орындайтын Сығаева З.С.
5. «Алғашқы махаббат туралы баллада» оқитын Жетібай Көбей
6. «Бұл жүрек ақыл айтсаң...» оқитын Дәурен Айдана.
8. «Оңбаса егер сол бір адам оңбайды- ау» оқитын Сағынтаев Батырлан
9. Композитор Қ.Деріпсалдиннің әніне жазылған «Жан ерке» өлеңі орындайтын Зайра Сығаева- кітапханашы.

Кітапханашы: Ақынның поэзия саласында балаларға арналған шығармашылығы туралы бір сөз айта кеткен орынды болатын шығар. Өйткені ақынның балауса балдырғандарға арнап жазған көптеген ойнақы өлеңдері сонау сексенінші жылдардан бері «Балдырған» журналында жарияланып, бертін келе «Балауса» баспасынан «Айгүл», «Қайнар бұлақ», «Шашу» деген атпен жеке- жеке кітап болып шықты. Ең кереметі бүлдіршіндерге арналған осы өлеңдерінің көбі бүгінде классикалық үлгіге айналып, бастауыш кластардың қазақ тілі, қазақ тілі, қазақ әдебиеті, қазақ әдебиеті хрестоматиясына енді.

Мәселен ән жазған «Ақ бесік» өлеңін алайықшы:

« Құшағында бабамның,
Құшағына еніппін,
Сенде жатып анамның
Ақ мамасын еміппін.
Кезге шуақ шашылып,
Мені баурап алыпты
Анам саған асылып,
Әлди жырға салыпты.....

Міне, оқылуына оңай, мазмұны да



айқын, көкірегінде сайрап, жатталып тұратын балаларға арналған осындай тамаша өлеңдердің авторы Серікбай Оспанов екенін біле жүруіміз керек. Ақынның өлеңдеріне жазылған әндер жазылған баспасөз беттерінде талай айтылып, ол әндердің теледидарда, концерт залдарында, халық арасында белгілі әншілер мен көркемөнерпаздар ұжымдары орындап жүр «Туған жерім Қостанай»,әні Рысмағанбетовтікі, «Ерке елігім», «Арқалық»Ғ.Құрманов әніні жазған, «Жан ерке».әнін жазған Қ.Деріпсалдин, «Алматым» әні Ә.Телғозиев т.б.

Соның бірі енші жерлесіміз А.Нұрмағанбетованың орындауындағы ән. «Шилі өзен» орындайтын Зайра Сығаева .

Сазгерлер: Ә.Бейсеуов, Қ.Бексұлтанов, Ә.Телғозиев, М.Сәдібаев, жерлестеріміз: Қ.Деріпсалдин, Ғ.Құрманов, ақынмен тығыз байланыс жасап, ән шығарып жүр. Осыдан бірнеше жыл бұрын ресейлік әнші В.Толкунова А.Қоразбаевтың әніне жазылған С.Оспановтың «Сағындым Алматымды»атты әнін орындаған екен. Осы әуенді ән содан кейін тыңдаушылар жүрегіне жол тауып, ел арасына кең тарап кетті.Бұл ән композитор шығармашылығындағы ең алғашқы ән болатын.

Қазіргі таңда бұл әнді атақты «МузАрт» ансамблі орындап жүр.

Енді сол әнді . Әбдіхамитов Тоқтардың орындауында тыңдап көрелік қабыл алындар!

Кітапханашы:С.Оспанов тек поэзия саласындағы тағы бір ерекшелігі поэмма, балладалар саласындағы еңбектері.Енді біздер ақынның тағы бір қырына сыр бөлісейік,

Поэмалары мен балладалары:

«Үйлену тойы», «Уақыт туралы», «Өмір- ай!», «Құдаша», «Қызыл керуен» «Науша- ауан», «Әже сыры», «Ата». «Партбилет туралы», «Кұдайбергеннің домбырасы», «Алғашқы махаббат», «Нұрқан ақын», «Марал ишан», «Жәнібек Тархан»

***Торғайдан шыққан топжарғандар
(С.Оспанов – зерттеуші.)***

Торғай ауыз әдебиетінің өкілдерінің шығармашылығын, зерттеген ақын олардың өлеңдерінде орамдар мен тіркестердің орынды пайдалануы, бунақ пен буынның мінсіз өрілетінбігін, тілдердің көркем айшықтылығын, ғалым ретінде терен зерттеп, талдады.

Ақынның «Сырбай Мәуленов- журналист, публицист» , «Ахмет өскен ақындық орта», Ы.Алтынсарин айналасындағы адамдар ғылым саласындағы бұрын зерттелмеген тың сала, әрі құнды ғылыми еңбектер екенін бүгінде ешкім жоққа шығара алмайды.

Ақын С.Оспанов бүгінге дейін жиырмадан астам қомақты өлеңдер алған ақын. Оған мысал ретінде мынадай мысал келтіре кетейік:

Мысалы: «Нұрқан ақын» поэмасында мынандай жолдар бар:

- Бұл кім ей отырғандар

Бұл кім?- десті. Бай- көпес

«Қу кедей- деп күн-ңкілдесті

Өктемдеу деді біреу- Шақырындар

Жіберер жандандырып мүмкін кешті?!
Жүгіріп келді бірі баланы алып,
Қарады бай біткеннің бәрі аларып,
- Атың кім?- деп сұрады Қанапия.
Сөйледі ол жалақ ернін жалар алып.
«Ауылым Жаркешуде жар басында
Қорегім ақбалықтың қармасында»
Баққаным байдың малы қу кедеймін.
Жетімдік басқа тағдыр салмасында.....»

Поэммада Нұрқанның алғаш ел алдында шығуы, Қанапия жыршы термешімен танысуы нанымды көркем тілмен суреттелген.Диалогтар арқылы дастан кейіпкерлерінің бейнесін, мінез құлықтарын шынайы сомдап, өзінді сол оқиға ортасында отырғандай сезінесің.

Нағыз ақын шеберлігімен толғайды. Дастан тілі айшықты, буын-бунақтарының төрт аяғы тең, әнмен айтуға келетін жорға.Бұл Торғай ақындарының ықпалы Серікбай ақын өлеңдері мен поэмаларына тән және оны поэзия төріне шығарып тұр.

Серікбай Оспанов сөздердің қадірін білетін, өлеңді күміспен күштеп, алтынмен аптап, ширатып шегіне жеткізі жаза білетін ақын.Бұл қазақ поэзиясын жарты ғасыр шығармашылық ғұмырында заман талабына сай биікке көтере білген санаулы ақындардың бірі.

Сондай- ақ ақын Серікбай Оспанов 40 жылдан астам уақыт публицистикалық шығармаларымен танылған журналист.Сондықтан болар Серікбай Оспанов соңғы жиырма жыл уақытын қазақ ақындарының публицистикалық еңбектерін зерттеумен айналысты.

Ақын С.Мәуленовтің публицистикалық шығармаларын зерттеуі, сол еңбектері бойынша филология ғылымының кандидаты аталуы соның нәтижесі.

Дарытқан сан қасиет бойға дара (С.Оспанов- қол өнер шебері)

Иә, қазақта «Өнерді үйрен де жирен» деген мақал бар. Осы тұрғыдан алғанда Серікбай Оспанов, ақын ғана емес, сегіз қырлы, бір сырлы ұлттық қолөнердің үлкен шебері екен.

Бұл өнерді кімнен үйрендің, қайдан үйрендің деген сұраққа ақын былай деп жауап берген: «Біздің ата- бабамыз киіз үйдің сүйегін бір қолын беріп жасаған ғой,соның ішінде соғыста бір қолын беріп оралған менің әкем Оспан да үлкен ұста, шебер болған кісі. Ол жалғаз қолымен- ақ тарамыс ширатып, таспа тілген, темірді қамырдай илейтіні әлі күнге дейін есімде,»- деп еске алады.

Әр нәрсеге бір себеп болып тұрады ғой, менің бұл қолөнерге келуіме бұрынғы Одақтың ыдырап, нарықтың келуі себеп болды,- дейді ақын.

Тоқсаныншы жылдардың басында өлеңімді жазып,кітаптарымызды шығарып жүрген бір топ ақын- жазушылар жұмыстанқысқарып бос қалдық...

Содан кейін әркім өз күнкөрісін іздеуге тура келді. Ал мен болсам өз талпынысыммен бесік және домбыра жасауға көштім. Алғашында оңай

болған жоқ. Дегенмен омар Руханов сияқты шеберлердің көмегімен домбыра мен бесік жасайтын болдық.- дейді ақын өз жобасына қалай келгені жөнінде.

Міне, содан бері ақын бұл ұлттық қолөнермен айналысып келе жатқанына 25 жылдай асқан екен.

Ақын тағы да өз сөзінде былай дейді «Әкеден дарыған өнерді тастамай ұрпақтан- ұрпаққа жалғастырып келе жатырмын ,әке өнерін ары қарай дамытуым керек емес пе?»дей келе ақын өзінің «Мұра» деген өлеңін былай деп толғайды.

«Әке өнері айналды жалауыма,
Көніп те жүр соңғы кез қалауыма,
Иіскегендей боламын омырауын,

Иісі келсе ағаштың танауыма.»- деп әкесінің ұсталық өнер, өз өлеңіне өрнек болып отырғанын айтады.

Иә, Серікбай ақынның ұсталық қасиеті, шеберлік өнері ұрпақтан- ұрпаққа жалғасып, мұра болып қалары сөзсіз. Өйткені ол осы жолда біраз тер төгіп, шығармашылық ізденіспен еңбек етіп жүрген үлкен қолөнері шеберлерінің бірі.

Алған атақтары:

Шығармашылық еңбегінің жемісінің тағы бірі «Еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Б.Алтынсарин атындағы медальмен марапатталған.

Қызметтері:

Доцент, профессор, Филология ғылымдарының кандидаты.

Үлкен өмір мен өнер мектебінен өткен бүгінгі белгілі ақын ағамыздың жүйрік қаламынан туған оның жүректен шыққан өлеңдері оқырман көңілінен шығып, кезінде әдебиеттанушылар тарапынан лайықты бағасын алған болатын Олай болса сол ағалар лебіздерін, ой- толғамдарына бір сәт құлақ түрейік.

«Өлең- өнер жайлауында жалқы үні» ақын- жазушылар лебіздері

Жұмат Әнес ұлы-журналист, жазушы.

Серікбай Оспанұлымен достығымыз жарасқалы жарты ғасырға жуық уақыт өткен екен. Секең бала кезінде де аңғал, адамға сенгіш, аңқау болатын. өзінің жазғаны бар:

« Баладаймын әлі де,
Сеніп жұрттың бәріне,
Қалам жиі алданып» деп жазған.

Жалпы Секеңнің өлең мен әзіл жазуындағы бір ерекшелік шағын өлеңде кейіпкердің мінез- құлқын керемет сомдай білуі қайран қалдырады.

Ақынның міндеті тек өрнекті сөзбен сурет салу ғана емес, яки әр шу-мақ сайын ой түйіндеп, күрделі философиялық қорытындыларымен қара-пайым оқырманды таңқалдыру да емес. Сондай ақ жыр-сүйер қауымды сиқыршыдай арбап, эротикалық суретке телміртіп қойғандай жалаңаш се-зімнің жетегінде жіберу де хас қаламгерге лайық қасиет деп танылмайды. Бірақ ақын шығармаларынан біз біртұтас жанды сөз

- ой - сезім ұштағанын көргіміз келеді.

Тұрғынбеков С.-ақын Серікбайдың әлі де болса, оқырман танып білмеген, тауап көрмеген тылсым сырларын, серпінді сері жылдарын өміріне серік, көңіліне көрік етіп келе жатқан бүгінгі күннің кемел ақындарының бірі екендігін айтып беруге байланысты болып отыр.

Серікбай шын мәнісіндегі семсердей серпінді, қылыштай қынулы, қанжардай қажырлы, алмастай алғыр ақын.

Алғашқы өлеңдерімен- ақ, өз оқырмандарын елең еткізіп, болошақ ақындық жолдың арнасын алыс сапарға ұластары, ұштастыра білді... деп өз жүрекжарды пікірін білдірген екен.

Оспанов Есімхан.-Халқымыздың мына бір ғибрат сөзі осы ініме арналған ба дерсің «Еліңнің ауыр жүгін көтеріп, аз қуанып, көп қиналғың келсе, ақын бол» Шын сөз. Серікбай інімнің өлеңдерің оқығанда, не жазса да жеріне жеткізе айтатыны көзге ұрып тұрады. Қазіргі кездегі тарихи-әлеуметтік жағдай мен әдебиет ахуалын өз дәрежесінде бүкпесіз баяндайды. Кешегі нарық кезіндегі абзал азаматтарымыздың өмірінен сыр шертеді. Көркемдігімен, шынайылығымен жан тербер анасына, әкесәне деген сезімдерін ерекше тебіреніспен жеткізе білген өлеңдері ерекше шеберлікпен жазылған. Талантында, сөз өрісінде, тілінің жатықтығында, парасатты ойлауына сәйкес үйлеседі шығармалары.»- деген екен жерлес ағасы.

Шығармалары:

Оспанов С. Алтын арқау: Өлеңдер мен поэма. - Алматы: Жазушы, 1982.- 107 б.

Оспанов С. Балдай таудың баурайында: Өлеңдер, балладалар, поэмалар.- Алматы: Жалын, 1990. - 302 б.

Оспанов С. Батыр туралы баллада: Өлеңдер мен балладалар.- Алматы: Жалын, 1984. - 128 б.

Оспанов С. Жарқын жастық: Өлеңдер.- Алматы: Жазушы, 1975. - 35 б.

Оспанов С. Жүрек лүпілі: Өлеңдер.- Алматы: Жазушы, 1971.- 39 б.

Оспанов С. Қайнар бұлақ: Өлеңдер мен балладалар. - Алматы: Жалын, 1977. - 63 б.

Оспанов С. Қалақай: Өлеңдер.- Алматы: Жазушы, 1965.- 20 б.

Оспанов С. Қоңыраугүл: Өлеңдер.- Алматы: Жалын, 1979. - 112 б.

Оспанов С. Назқоңыр: Өлеңдер, поэма, толғаулар мен балладалар.- Алматы: Жалын, 1987. - 148 б.

Оспанов С. Сырбай Мәуленов - журналист, публицист; Оқу құралы.- Алматы: Ғылым, 2001. - 140 б.

Оспанов С. Тіршілік тамыры: Өлеңдер мен поэма.- Алматы: Жазушы, 1985. - 128 б.

Оспанов С. Шашу: Өлеңдер мен жұмбақтар.- Алматы: Балауса, 1992.- 175 б.

Оспанов С. Ең жақын кім адамға: Өлеңдер, ертегілер, жұмбақтар. - Алматы: Балалар әдебиеті, 2006. -186 б.

Оспанов С. Қараторғай: Өлеңдер мен поэмалар.- Алматы, 2004. - 232 б.

Өмірі мен шығармашылығы:

Оспанов Серікбай //Қазақстан жазушылары: XX ғасыр: Анықтамалық.- Алматы, 2004. - Б. 247.

Оспанов Серікбай //Советтік Қазақстан жазушылары: Био- библиограф. анықтамалық. - Алматы, 1987. - Б. 487–488.

Оспанов Серікбай. Қазақ әдебиеті: Энциклопедиялық анықтамалық.- Алматы, 2005. – 420 б.

Пайдаланған әдебиеттер:

Әнесұлы Ж. Мақтанышы елімнің: [мақалалар, очерк-эсселер, сұхбаттар, әңгімелер] / Әнесұлы Ж.; алғы сөзін жазғ.: С. Оспанов, Т. Сарыбаев. – Алматы: SANJAR-U, 2010. – 198 б.

Жақсанов Оразалы. Жүрегі - шуақ, жаны жыр: [сегіз қырлы, бір сырлы азамат Серікбай Оспановтың жұртшылыққа белгісіз қырлары хақында] / Жақсанов Оразалы // Алтын Орда. - 2011. - 13-19 қаңтар. - 18-19 б.

Қойшыман Мейрамкүл. Өлеңдерім - елімнің көгершіні: [ақын Серікбай Оспанұлының шығарма.туралы] / Қойшыман Мейрамкүл // Арқалық хабары.- 2005. - 22 сәуір

Жұма- Назар Сомжүрек. Сегіз қырлы, бір сырлы: ақын, ғалым Серікбай Оспанұлы 70 жаста // Қостанай таңы. - 2015. - 1 сәуір. - Б. 31.

Құрастырған кітапханашы:-

Сығаева З.С.





*Серіктей ақындарды гарышқа
алыпұшса, жұмыр жер үсті бүгінгі
алауыздық зардабынан құтылып,
оны мекендеген күллі адамзат
махаббатпен мейірлене түсер еді-
ау!*

Тоқтар Әубәкіров

Серік Тұрғынбеков 70 жас

**«Жүрегі жыр, көкірегі сыр ақын»
(поэзия кеші)**

Кітапханашы: Армысыздар Қадірменді қонақтар, студент жастар!

Біздің бүгінгі кешіміз, көрнекті ақын, драматург, жерлесіміз Серік Тұрғынбековтың 70- жасқа толуына арналады.

« Жүрегі жыр- көкірегі сыр ақын» атты кешімізге қош келіпсіздер!

Қонақтармен таныстыру:

- 1.Орекен Алмат- ардагер
- 2.Хайруллин Малбағар- ақын жиені,
- 3.Әсел Кеңшілікқызы- ТАТК. Кітапханашысы
- 4.Айбол Айдарұлы-Мәдениет сарайы қызметкері.

Кітапханашы:

Кешіміздің 1- бөлімі «Аппак жалды құлагер»

Ақындарымызды әдетте қыранға, тұлпарға теңейміз себебі ақындарға-тек осындай теңеу лайық .

Кітапханашы:

Заман бар ма тарихын тыңдатпаған,

Әр тарауы,

Әр жолы қымбат маған,

Жер деген бір тірі Адам,

Ана ғой ол-

Бәрімізді әлдилеп құндақтаған.-деп ақын өзі жырлағандай.

Анадан ақын болып туылған Сері Тұрғынбеков, қашанда желқанатты жүйріктер, топты жарған тұлпарлар дүниеге келген, қасиетті Торғай жеріндегі батыр атамыз, Әліби Жанкелдин атындағы ауданның Ақшығанақ атты ауылдағы Төлеген қыстауында дүние есігін ашқан.

Ол, көктемнің алғашқы күні 1 наурыз, 1946 жыл болатын.

Ақынның ұлы анасы Бижан әже елдегілердің айтуынша, от ауызды, орақ тілді ақын болыпты. Ақын жолдастары оны «анадан ақын болып туылған» деуі де осыдан шықса керек.

Өз әкесі- Тұрғынбек Серіктің алты жасында дүниеден өткен екен. Ол кісі де қара жаяу болмаған. Ел ішінде әншілік- серілік өнері болған, домбыра тартып, ән айтып, әзіл- қалжыңға бейім болған екен. Жас Серікті бағып- қағып, өсіріп тәрбиелеген анасы Жұмакүл әкесінің жоқтығын білдірмей «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай» аналық мейіріммен еркелетіп өсіріпті. Жалғыз ұлы болсада өз қатарынан қалмай екекше өскен. Ақынды тәрбиелеп, өсірген аяулы анасы 85 жасында, яғни 2002 жылдың сәуірінде дүниеден өткен.

Бейнежазба.

Өзі туып өскен аудандағы Шақшак Жәнібеков ауылындағы Ақшығанак орта мектебін тәмәмдағаннан кейін, «Жаңа өмір» газетінде қызмет істеген. Сөйтіп, болашақ ақын журналистік қадамын газеттен бастайды. Мектеп қабырғасында жүрген кезден- ақ, облыстық, тіпті сол кездегі «Тың өлкесі» газетіне өлеңдері жарияланып, біршама таныла бастаған.

Сол кездегі «Тың өлкесінің» орталығы Целиноград (осы күнгі Астана) қаласында өткен өлке ақын- жазушыларының слетіне қатынасқан Серікті Алматыдан келген көзі қарақты Зейнолла Қабдолов астанаға шақырып, сол жылы күзде сырттай оқуға түсуіне көмектеседі.

Сөйтіп, Серік 1966 жылы Алматыдағы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне қабылданады. Келер жылы Алматыға біржола келіп, Қазақ радиосына аға редактор, республикалық «Лениншіл жас» газетінің Торғай, Қостанай облыстары бойынша меншікті тілшісі, республикалық халық шығармашылығы үйінде фольклор бөлімінің жетекшісі.

Қазақ телевизиясы әдеби драмалық хабарлар бас редакциясында, Қазақ радиосында редактор, Баспа – полиграфия, Кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінде аға редактор, «Жұлдыз журналында поэзия бөлімінің меңгерушісі, Мәдениет министрлігіндегі репертуарлық, редакциялық алқаның бас редакторы.

Астана қаласындағы С.Сейфуллин мұражайының директоры қызметтерін атқарған.

Қазіргі таңда зейнет жасында болса да рухани жан сергі қаламнан бір сәт қол үзбей келеді. Астана қаласында, Қазақстанның өзге өңірлерінде өтетін бұқаралық сипатқа ие мәдени- көпшілік шараларға белсене араласады.

Республикалық ақындар айтысына қазылық жасаушылар сапында жүреді.

Республикалық «Хабар», «Қазақстан» телеарналары ұйымдастырған пікірталас, ашық әңгіме үлгісіндегі хабарларға тұрақты қатысып, ұлт болмысына, тағылым тәрбиесіне байланысты ой- пайымдарын білдіреді.

1970 жылыдың қараша айында тұңғыш рет Торғай облысы ашылып, Қазақ радиосының солтүстік облыстары бойынша тілші болып, Арқалық қаласына аттанады. Онда 1978 жылға дейін осы күнгі «Жас Алаш» газетінің өз тілшісі болып жұмыс істейді. Сол жылы ол редакция аппаратына шақырылып, Алматыға қайтып келеді.

Келісімен, Республикалық халық шығармашылығы (Дом творчества) үйінің фольклор секторына басшылық жасап, 1981 жылы өткен алғашқы

Республикалық ақындар айтысының бірден- бір ұйымдастырушысы болады. Республиканың 11 облыстық ақындар айтысын ұйымдастырады. Содан кейін Қазақ телевидениесінің әдеби- драмалық редакциясында аға редактор болып, халық шығармашылығын насихаттауға үлесін қосады. Ақынның қолдауымен сол жылы телевизиялық айтыс циклы жүзеге асады.

Дегенмен, бойына әжесінен дарыған қасиеттің күші оны әдебиет арнасына, яғни ақындық өнерге алып келеді.

Сөйтіп, сексенінші жылдардың орта шенінде ол сол кездегі мемлекеттік Баспа комитетіне аға редактор болып орналасып, біржола шығармашылық еңбекпен айналысады.

Кітапханашы: Шығармалары:

Ақынның алғашқы өлең жинақтары:

1975 жылы- «Қобыз»,

1978 жылы- «Көкейкесті».

1980 жылы- «Торғай толғаулары».

1981- жылы- «Жүрегімнің сәулесі»

1982 жылы- «Кеш келген көктем»

1984 жылы- «Сүйген жүрек»

1985 жылы- «Асан ата ізімен»

1986 жылы- «Тыңда түлегендер». Очерк эссе.

2001 жылы- «Кейкі батыр» .Тарихи дастан.

2012 жылы- «Ғарыш қазақ» .Поэма. Т.Әубәкіров жайлы.

2014 жылы- Таңдамалы 2- томдық шығармалар жинақтары Астана қаласы «Фолиант» баспасынан жарық көрді.

Аудармалары:

1983 жылы- «Перзент» А.Твардовскийдің лирик,өлеңдар жинағы.

1984 жылы – «Москва үшін шайқас» .П.Богдановтың дастаны.

Кітапханашы. Келесі кезекті қонақтарға берейік.Олай болса Өрекен ата қаламыздағы Ардагерлердің бірі ақынмен араласып ақыл кеңесін айтқан кісі.

Кітапханашы. Тұрған бір көптен,

Терек қайыңдар тербелмей,

Айығып дерттен,

Рахат, қызық көргендей...

Балқытып бойды,

Шалқытып ойды өтетін-

Жастығым менің-

Жасғұмұрымғы желдердей.- деп ақын жырлағандай.енді

ақын жайлы Ұстаз, күйші, сазгер Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Арқалық қаласының құрметті азаматы Жұмағали аға Сүлейменұлына берейік.

II- бөлім. Сел- сезімнің дариясы. (Серік Тұрғынбеков туралы бір үзік сыр)



Ақынның жерлесі ақын Нағашыбай Мұқатовтың ой толғауына кезек берейік Оқитын. АрМПИ-ның ІУ-курс тсуденті. Жансерік Аманбай . Қазақ елі Серікті жалынды қаламы, қарымды журналист әрі арқалы ақын ретінде біраз жылдардан біледі. Есею жылдарын басынан кешіп отырған осы азаматтың екі қырын салмақтап, таразылап көрсек, арқалы ақындығы басым тұрады. Мен оны 1965 – жылдан бергі аралықтан

бері білемін.

Жергілікті «Жаңа өмір» , Қостанай облыстық «Коммунизм таңы», «Тың өлкесі» газеттерінде оның өлеңдері топырлап шыға бастады. Алпысыншы жылдары қаламгер жазған: Торғайдың атырабында

Болған талай ұрыстар бар,

Торғайдың топырағында

Қираған қылыштар бар.- деген жыр жолдары өлең

сүйген қауымның жадында сақталып қалды. Сондай- ак сол кезеңде

С.Тұрғынбекұлы сөзін жазған сазгер Болат Хамзинның «Торғай қызы» әні ауыл саханасының нақ төрінде әуеленді

Жайнаған дала- көктемдей,

Жұпарын жанға төккендей.

Торғай қызы салған ән

Еркелеп маған жеткендей.- деп келетін әе әлі күнге

дейін әр бір отырыс, той- думанның айшықты ажары.

Осы шығарманың шырайын шығаруға әнші Ырысты Ерденова, Баяғы

«Шертер» ансамбілінің әншісі, өзімнің туған қарындасым Отаркүл

Оразбайқызы қыруар еңбек сіңірді.

Ән: Болат Хамзин «Торғай қызы» орындайтын Сығаева З.С..



Жансерік. Қазір Серік ақын әуезді әнге мәнінді көркем жазатын ақындардың қатарында жүр. Мәселен, қазақтың дарынды композиторлары: Ә.Бейсеуов, Т.

Мұхамеджанов, С.Бәйтереков, жергілікті сазгерлер: К.Деріпсалин,

Б.Сәуекенов.Т.Әлденөвтердің

Тұрғынбекұлымен бірлесіп шығарған

туындылары танымал әншілердің тұрақты

репертуарына енген.

Қайнекей ақынның қасында қарайып, Сырбаймен сырласып, Ғафудан ғибрат алып қатарлас қаламдастармен қауышып, Қазақстанның ғана емес, парасатты поэзия астанасында тыныстап тірлік кешкен Серік ақын өлең

бұлағының көзін ашты. Ақынның оқырманын ойландырған, толғандырған өлеңінен өзгеше от өрілген туындылары «Жазушы», «Жалын» баспаларынан жарық көрді. Кітаптарының аты да заты да бағалы. «Қобыз» - алғашқы үні, «Көкейкесті»- көкірегіндегі сырын көп бүкпей, көпшілікке жайып салғаны, «Торғай толғауы» туған жердің кескін- келбеті, «Жүрегімнің сәулесі» -ағыны күшті ағыл- тегіл сезімі, «Кеш келген көктем»- жұмбағы, құпиясы жеткілікті жан- дүниесі, «Жер ортаны» кемелдену кезеңін көркем жырлары деуге болады.

Соңғы жылдары жарық көрген екітомдық шығармалар жинағы да ақын асуының аласа емес екендігін нақтылы дәлелдейді.

Серік ақын жаңа қоғамға үніле қарап, адамдар әрекетін өлеңмен өре біледі. Философиялық ойлары ешкімді де бейтарап қалдармайды.Өлең өрнектерінен мін табу қиын.

Тұрғынбекұлы шағын лирикалық жырлармен шектелген жан емес. Әйгілі халық ақыны Нұрхан Ахметбековке, өзге де таланттарға ұқсауға белді бекем буып, эпикалық туындылары да жазды.

Оның «Кейкі батыр» , «Сәкен- Сұңқар», «Нұрхан» және тұңғыш ғарышкер Тоқтар Әубәкіров туралы тереңнен тебіренген дастан, хиссалары ұлттық поэзия қорына қосылған қомақты дүниелер деуге болады.

Ақын өзі өмір сүріп отырған заманды, қоғамды танып үлгеретін, көрінген көрністерді, құбылыс, оқиғаларды тез байқайтын, тез көретін көреген, көріпкелдік қасиетке ие жан.Оның көкірегі , бейнелеп айтсақ, ренгтен пленкасындай. Бәрін қаз- қалпында, табиғи күйінде түсіре қояды.

Қоғамдағы қуаныш, реніш, мұң нала ақынның жүрегі арқылы өтеді екен. Оған дәлел ақынның: О басында батыр туған ел едік,

Қар асаған, мұз мүжіген, жел еміп.

Көшіп жүрген құм- теңіздің үстінде,

Талай ғасыр түйелерді кеме ғып.

Біреулерді мақтаудан да қорықтық,

Біреулерді даттаудан да қорықтық.

Қоғам үшін көз жасымен жазылған,

Қолжазбаны сақтаудан да қорықтық.- дегеніне іштей илана отырып, әділетсіз, солақай саясатқа пенжіп, лағнет айтамыз.

Бір қарағанда мазмұны, айтар ойы жағынан осы өлеңге егіз сияқты көрініп тұрғанмен, тереңірек үнілсек «Шаршадым талай» шығармасының шоқтығы бөлектеу.Өлең жолдарының өкінішті хал- ахуалды бейнелеуден басталып, найзағайлы намысқа жанылған сөздермен тәмәмдалуы серпілтіп те, желпілтіп те жібергендей,

Ақын мен халықтың алып жүрегі әрқашан бір кеудеде соғып, лүпілдеп тұратын бір кеудеде соғып, лүпілдеп тұратын тәрізді.

Алты алаш арыстарының қазасы- туған халықтың, оның ішінде орны ерекше ақынның да азасы. Серік Тұрғынбекұлының:

Бүкіл қазақ жиылып,

Бола алмады- ау бір Абай,- деп әріптестерінің біразын тандай қаққызып, республикалық жыр мүшәйрасында дау- дамайсыз жеңімпаз

болғанынан да хабардармыз. Және де бір айтарымыз, Серік ақын арнау өлеңдерді мәнді, мәнерлі жазуға әбден машықтанған. Оның Ахметке, Мұхтарға, Шақшақ Жәнібекке, Сәке, Бейімбетке, Нұрхан, Қайнекей, Сырбай, Ғафу, Кеңшілікке арналған жырлары сұлу сөзден өрілген, мәрмәр тастан берік ескерткіштер.

Ақынның кітаптарын, жазған өлеңдерін оқып отырсаңыз туған жердің, ғажайып табиғаттын шебер суретшісі екенін аңғару қиын емес. Серіктің «Құшағыңды аш Қостанай», «Көне Торғай келбеті», «Көкшетауым», «Ақжайық ару», «Арал мен Балқан арасы» деп аталатын жырлары жіне басқа да туындылары алтын аймақтардың өзіндей табиғи бояуға бай, барынша көркем, мейлінше көрікті.

Соңғы жылдары Серік драмаға қарай шұғыл бұрылды. Мұны біз табиғи талант иесінің кезінде Торғайдағы халық театры өнерпазы болғанын, республиканың Мәдениет министрлігінде репертуарлық бөлімді басқарғандығының, сондай-ақ Алматы, Астанадағы театр қайраткерлерінің көбімен аралас-құралас жүргендігінің әсері деп сенеміз.

Астанадағы Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік театрда Серіктің «Мұқағали» атты драмасы біраз жылдан бері репертаурға еніп, сәтті қойылып келе жатыр. Ақынның көзін көрген, қатар жүрген, мырласқан автор біртуар тұлғаның ішкі әлемін, жан-жарасын өте бейнелі, сенісді сомдаған.

Ал автордың Қостанайдағы І.Омаров атындағы, Жезқазған театры қойған «Кейкі батыр», Арқалықтағы жас өспірімдер театры қойған «Нұрхан» драмаларынан да қаламгердің өзіндік қолтаңбасын, режиссердің шынайы шешімін аңғардық.

Ақын Серік бір өлеңінде:

Беу, табиғат,
Бермейсің пендеге ерік,
Бар болғанмен сенде күш, сенде көрік,
Қысың, күзің, көктемнің, жазыменен
Дүние өтіп барады дөңгеленіп.- деп тебіренген екен,

Жыр-ғимаратында бірге ғұмыр кешкен, жанына жарық сәулесін түсірген Жанна жарымен, үкіліеп үміт күтіп отырған ұлы Сәкен, қыздары Сәуле, Самал, Жұлдыз, балдан тәтті немерелерімен дүбірлі дүние қызығын кешіп қазіргі таңда Құрметті демалысында отырған Серік Тұрғынбек-ұлы Сырбайдай сұңқылдап, тайырдай тақылдап жыр оқып, сері ақын болып серпіле бер Серік бауырым.

ән: Қалибек Деріпсалдиннің әні. «Ерке құсым» орындайтын З.Сығаева.

Нұрғожа Ораз. Мен Серікжанды- Серік Тұрғынбековты бала күнінен сонау кәрі Торғайдың Тосын құмындағы орналасқан кеңшардың береке дарыған орта мектебінде оқып жүрген кезінен білетін едім.

.....Сол баяғы Нұрекең- Нұрхан Ахметбеков жырлаған «Тосын толғауы» атты құм-шағыладан шыққан бала ақын- Серік Тұрғынбеков бүгінге дейін поэзия серісі, елдің ерке ақыны сияқты бұла шақты басынан өткізіп, Арқаның ардагері, Сарыарқаның саңлағы деп мақтанышпен айтуымызға туре келетін кезеңге жетті.

Ақындық қанаты қатайған кезде орыстың айтулы ақындарымен жарысқа түскендей А.Твардовскийдің лирикалық өлеңдерін қазақшаға тәжімалап, оған «Перзент» деген ат беріп, «Жазушы» баспасынан кітап етіп шығарды. Қазақстандық жауынгерлерге қатысы бар П.Богдановтың «Москва үшін шайқас» поэмасын да қазақ оқырмандарына өз тілінде тамылжытып жеткізді.

Серік ақындығынан бұрын журналист, тілші болып еңбек ете жүріп «Тыңда түлегендер» деген атпен шыққан очерк, публистика жанрларындағы кітабы ақынның өз республикасының өмәірін анық білетіндігін танытады.

Сондай- ақ Серіктің ақындық қиялы «Махамбет және Жәңгір хан» деп аталатын аса қиын тақырыпты да еркін меңгерді. Тарихтағы бұл екі тұлғаны кешегі кеңес кезінде бітпес тартыстың, тап тартысы безбенінің екі басына салып халықтың басын даң қылды ғой. Соған қарамастан тәуекелге бел буып қиын тақырыпты «Махамбет сыйлығын» меңгеріп шыққанға дейінгі деңгейге жеткізуі Серіктің ақындығын асқақтата түсті.

«Махамбет және Жәңгір хан» өлеңі оқитын Жакина Гүлназ

Халық батыры Кейкінің де әдебиеттегі- поэзиядағы дара тұлғасын жасаудан жасқанбай қалам тартқан да осы Серік болатын.

Сол, «Кейкі батыр» поэмасын дүниеге әкеліп, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері болды.

Серік ақын Кеңестік әдебиетті қалыптастырушылардың көшбасшысы болған Сәкен Сейфуллин мұражайының директоры болған кезі- оның азаматтық тұлғасының да ұлтына қайрат- күшімен зор үлес қосар кезіндегі асқақтауы деп білеміз. Ол сардар ақынның мұражайын өркендете түсумен бірге Сәкеннің тарлан тұлғасын жыр жолдарымен өрнектеп шығуды да мақсат етті. Ақыры ол «Сәкен- сұңқар» атты дастанын дүниеге әкелді.

Иә, Серік эпик ақын екенін дәлелдедік, сондай- ақ азаматтық өлеңдерімен бірге лириканы да мәпелеген майталман.

Серікті халқының сүйікті ақыны еткен тағы бір дарындылық қыры- ол адамдарды дәрежесіне қарамай қандай да бір қуаныштарын шалқытып, әрбір тойды, жиында, тіпті туған күндерінде әсерлі, әсем өлеңдеріне де сері ақын барын салып, шабытының тізгінін тартпай, болашаққа кітап беттеріне қатталатын етіп жазғаны.(С.Т. т.2 стр.288)

«Сәкен-сұңқар» өлеңі оқитын Дәурен Айдана

Сейдімбек Ақселеу-ақын Серік Тұрғынбекұлының дастанында Кейкінің осынау әр рухы қылау түспеген қалпымен көрніс тауып отырады. Автор кең тынысты эпикалық қарыммен қалам тарта отырып, Кейкінің ғұмыр кешкен заманы мен қоғамына қатысты тарихи деректерді көсіп пайдаланады. Құжатқа түспегенімен құлақтан кетпеген ғибратты оқиғалар мен қимас естеліктер дастанның сюжеттік арқауына айналып, кейкінамалық жанр шежіресі жасалған.

Мұның өзі дастанды әсіре суреттеулерге жібермейғ ел мен жердің нақтылы болмысына арналған толымды туынды деңгейіне көтеруге себепші болған. Түптеп келгенде, тарихи тұлға туралы көркем дүниенің шырайын келтеретін негізгі тетік те осы болса керек.

(олай болса келесі кезекте осы Кейкі батыр» жырынан үзінді тыңдайық)

«Кейкі батыр» поэманы оқитын Назипа Құлжанова атындағы педагогикалық колледжінің студенті Рысмағанбетов К.

Қайырбеков Ғафу –Ақын Серік Тұрғынбекұлының «Кеш келген көктем» атты жыр жинағы туралы бірер пікірінде Ғафу ағасы ;

Серіктің бұл кітабы маған мақсаттылығы, тұтастығымен ұнады

Яғни бұрынғылардай емес түбегейлі ең үлкен екі тақырыпқа- Соғыс және Бейбітшілік тақырыбына дерлік тұтас арналуымен ұнады.

Ең алдымен, қазақ ақындары осы мәселені бұрынғыдан ерекше жырлай алды ма? Әсіресе, жастар осы тақырыпты өз тұрғысынан қалай жырлады, сол баяғы сарын ба, жоқ поэзияда өзгеше толғам жасалды ма деген сұраққа жауапты бәріміз де іздейміз. Сол заман тарихын, заман зарын, солғыстың сұрапыл кезеңдерін жырлайды.

III- бөлім. Ақынын ардақтаған ел азбас. (мәртебелі атақтары)

2011 жылы- Қазақстан Мәдениет қайраткері, Қазақстан республикасының еңбек сіңірген қайраткері.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы, Бүкіл Түркі поэзиясы фестивалінің лауреаты, Махамбет атындағы жүлденің иегері,

Өлең-сөзді түсінетін еңселі елі бар арқалы ақын, тұлпар шабысты қаламгер ақын Серік Тұрғынбеков жайлы біздер толық мағлұмат алдық деп ойлаймын.



Жанары- жалын, от- іші,
Жамандық жақпен жоқ ісі.
Өлеңмен тербелген Торғайдын,
Таңдайы талмас тотысы.
Дөңгеленіп құба бел,
Дүбірге толқып тұрады ел.
Ал, құйғыт өлең жолында,
Аппақ жалды құлагер. –

Бүгінгі кешімізді Серік Тұрғынбекұлының сөзіне жазылған Аманкелді Сейтқасымовтың «Айналайын, Торғайым» - атты әнімен аяқтайық .

Пайдаланған әдебиеттер:

Бейсеуов Әсет. Сағынып келдім, Торғайым!: [өлеңдер] / Бейсеуов Әсет, Тұрғынбеков Серік // Торғай таңы. - 1991. - 4 маусым.

Жүнісұлы Ж. Дала дарабоздары: ой-толғамдар, естеліктер / Жүнісұлы Ж.; алғы сөзін жазғ.: С. Әбдірайымұлы. - Қостанай: Шапақ, 2007. - 308 б.

Қазақстан жазушылары: анықтамалық / құраст.: С. Қамшыгер, Қ. Жұмашева. - Астана: Ан арыс, 2009. - 480 б.

Қазақтың 100 поэмасы. 5-том / құраст.: Ж. Аймұхамбет, А. Әлімұлы. - Алматы: Жазушы, 2013. - 376 б.

Кеңбейіл Мырзабай. Замандастар заңғары: әдеби-танымдық, сыни зерттеу еңбектер / Кеңбейіл Мырзабай. - Алматы, 2009. - 312 б.

Өмір сүру оңай ма...: Көркемсөз, көсемсөз, өлең, ән, күй, естеліктер / құраст.: С. Досанов, Қ. Аққошқарова. - Алматы: Арда, 2014. - 392 б.

Тұрғынбеков С. Сүйген жүрек: өлеңдер мен толғаулар / Тұрғынбеков С. - Алматы: Жалын, 1986. - 128 б.

Тұрғынбеков С. Торғай толғаулары: өлеңдер мен поэма / Тұрғынбеков С. - Алматы: Жазушы, 1981. - 87 б.

Құрастырған кітапханашы З. С. Сығаева.



**Ілияс Есенберлин
туғанына 100 жыл**

*Ең басты мәселе-«Көшпенділердің»
бұрынғы қоғам жағдайында да, қазіргі
жағдайда дәтәуелсіз өзіндік құндылығы
мен әдеби тағдырының барлығында
жатыр.*

Шыңғыс Айтматов

**«Көшпенділер» - хандық дәуірдегі
қазақ өмірінің энциклопедиясы.
(Оқырман конференциясы)**

Мақсаты: «Бір ел – бір кітап» акциясының шеңберінде жазушы І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясын оқырман жастардың арасында насихаттау, ұлтжандылық, ынтымақшыл қасиеттерді жастар бойына дарыту, қиындықты жеңе білуге тәрбиелеу. Көркем әдебиеттің тарихты білу барысында маңыздылығын түсіндіру, хандық дәуір кезеңі жайлы білімдерін бекіту. Қазақ халқы тарихының маңызды тұстарын аша отырып, өз ойын ашық айтуға, дәлелдермен сөйлеу білуге, оқиғаны талдап, бағалай білуге үйрету, қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыру.

Көрнекілігі: І.Есенберлин туралы таныстырылым, бейнежазба, жазушы мен оның шығармалары туралы пікірлер, көрме.

Барысы: Би «Көшпенділер» Орындайтын «Акбота» бишілер тобы

Кітапханашы: Құрметті: Оқырман қауым, студент жастар!

Қазақ хандығының 550 жылдығына «Бір ел – бір кітап» акциясының шеңберінде өтіп жатқан І.Есенберлиннің «Көшпенділер» - трилогиясы бойынша оқырман конференциясына қош келдіңіздер!

Қонақтармен таныс болыңыздар:

Нүркенов Міржақып – «Көшпенділер» трилогиясын толығымен оқыған кітапханамыздың тұрақты оқырманы

Сағынтаев Батырлан- Арқалық қаласының тарихи-өлкетану мұражай қызметкері

Нұрманова Алма Жақсылыққызы- облыстық №2 ғылыми әмбебап кітапханасының басшысы

Қазақстанда Республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы Қазақстан Республикасының Мәдениет Министрлігінің қолдауымен Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасымен Қ.Р.Кітапханашылар Ассоциациясы бастамасымен 2007 жылдан бастау алған игі дәстүрге айналып, жыл сайын жастар арасында көркем әдебиетті насихаттау

жұмыстары тоғызыншы жыл ұйымдастырып отыр.

Акцияның мақсаты: ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік деген туындыны оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерлету, рухани мұрамызды сақтау, сондай-ақ жастарды отаншылдыққа әрі өнегелікке тәрбиелеу, Сонымен акция қоғамның отандық әдебиетке, оның ішінде классикаға, қазіргі әдебиет пен поэзияға деген қызығушылығын әрі қарай жоғарлатуына мүмкіндік туғызады.

Ендеше, акция шежіресіне көз жүгіртейік.

2007 жыл таңдауы – Абай «Қара сөздері» ,

2008 жыл таңдауы – М.Әуезов «Қилы заман» романы

2009 жыл таңдауы – Ж.Молдағалиев «Мен қазақпын» поэмасы

2010 жыл таңдауы – М.Жұмабаев «Жан сөзі» кітабы

2011 жыл таңдауы – Ж.Аймауытов «Ақбілек» романы

2012 жыл таңдауы – О.Бөкей «Қайдасың, қасқа құлыным» повесі

2013 жыл таңдауы – Ф.Оңғарсынова «Дауа» кітабы

2014 жыл таңдауы – С.Мұратбековтің «Жусан иісі, Басында Ұшқараның..» әңгімелері

2015 жыл таңдауы – І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы таңдалынып алынды.

I. Таныстырылым

1. Жазушының өмір жолы.

2. Шығармалары

3. Романдары және тарихи сана

II. Жүректен шыққан жылы сөздер

1. Шыңғыс Айтматов

2. Әнуар Әлімжанов

3. Чингис Гусейнов

III. «Көшпенділер» - трилогиясы

1. Тарихи оқиғалардың трилогияда бейнеленуі

2. “Алмас қылыш” “Жанталас” романы, “Қаһар” романы



Сұрақтар

1. Үш кітапты біріктіріп тұрған қандай тақырып?

2. Қазақ хандығының Мұхмед Шайбани әулетімен, Бұхар хандығымен қарым қатынасы қандай болды?

3. Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама оқиғасы туралы не білесің?

4. Абылайдың орындай алмаған арманы.

5. Хандардың дұрыс саясат жүргізуіне көмектескен жыраулар туралы ?

6. Қандай қазақ батырлардың бейнесі молынан қамтылған?

7. Трилогияда тарихи деректерді қайдан алды?

8. Кенесары қазақтың соңғы ханы екенін дәлелде.

9. «Көшпенділер» трилогиясы соңынан басына қарай жазылған. Бұл қаншалықты рас?

10. «Көшпенділер» фильмі Қазақстанда қашан түсірілді, Басты рольді сомдаған актер?

«Ілияс Есенберлин – қазақ әдебиетінің ғана емес, қазақ халқы тарихының төрінен лайықты орын алатын дара тұлға. Олай деуіміздің бірнеше себептері бар. Ақиқат шындық темір шымылдықтың ар жағында тұтқындалып, ата тарихының «ақтандақтарын» зерттеуге тыйым салынған жылдары Ілекең қазақ қаламгерінің алғашқысы болып қиын да күрделі тақырыпқа – Қазақ хандығының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күресі тақырыбына қалам тартты. Қалам тартып қана қойған жоқ, өзінің эпикалық құлашы, халық өмірінің сан алуан қырын кең қамтуы, қазақ тарихының кемеңгер көсемдерінің қайталанбас бейнесін сомдауы жағынан өзге туындылардан оқ бойы алда тұрған талантты шығармасы – «Көшпенділер» тарихи трилогиясын дүниеге әкелді. Бүгінде дүниежүзінің көптеген халықтарының тіліне аударылып, әлденеше рет басылған жазушының еңбегін хандық дәуіріндегі қазақ өмірінің энциклопедиясы десек артық айтқандық бола қоймас»

Нұрсұлтан Назарбаев

Өмірбаяны Арнау: Қадыр Мырза-Әли атамыздың Ілияс Есенберлинге жазған өлеңін Дәуренқызы Айдананың орындауында тыңдайық.

Қазақ әдебиеті дамуының тарихында жазушы Ілияс Есенберлин төрті орындардың бірін алады. Ол – туған жеріне, өскен еліне аса зор шығармагершілік еңбегімен, талмас талантымен танылған, ірі қаламгердің бірі.

Қазақ әдебиетінің көркем қазынасын байытуға қомақты үлес қосқан жазушы әр түрлі жанрларға құлаш ұрды. Қыруар өлең, он дастан, екі повесть, он жеті роман жазды. Драматургия, кино, аударма саласында да еңбек етті. Елінің күнделікті өмірімен тыныстаған шығармалмен қатар, ұлт өмірінің ғасырларға кететін кең ауқымды, қарымды панорамасын жасаған құнарлы туындылар берді. Ата – бабамыз қалай өмір сүрді? Қандай жолдан өтті? Тарихи тағдырлары неге сүйіндірді, неден жирендірді? <Қазақ жазушыларының арасында үлкен оқырманның бұл шақыруына үн қосқан алғашқы қаламгерлердің бірі – Ілияс Есенберлин. Біз оны жаңа сапа белесінен көрдік те таныдық, - деп жазды сыншы Мұхаметжан Қаратаев. - Біз оны қажырлы еңбегі үшін сыйлаймыз>.

Жазушы туындылары жұртшылық жүрегіне жол тапты. Көптеген шет тілдеріне аударылды. Туындыгердің шабытты еңбегі, шалқар шығармашылығы жоғары бағаланды. Ілияс Есенберлин Қазақ КСР – інің Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанып, <Еңбек Қызыл Ту>, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталып, халқының құрметіне, зор абырой, даңққа бөленді.

Видеоролик. Ендеше Ілияс Есенберлиннің өмір баянына сапар шегейік.

Ілияс Есенберлин 1915 жылы 10 қаңтарда қазіргі Ақмола облысының Атбасар қаласында дүниеге келген. Қабілетті зерек жас 1940 жылы Қазақтың Мемлекеттік тау-кен және металлургия институтын бітіреді. Ол кезде инженер деген қазақ ел үшін мүлде жаңа, таңсық мамандық болатын. Сол

мамандығы бойынша Жезқазған кенішінде қызметке кіріскен кезде Ұлы Отан соғысы басталады. Жас азамат қолына қару алып, жаумен айқасуға аттанады. Қан майданда қатты жарақат алып, елге оралады. Ауыр операциядан соң оң аяғы екі сантиметр қысқарып, аздап сылтып басатын.

Тумысында алғыр мықты қайрат иесі, иланымына берік Ілияс соғыстан оралған соң бейбіт құрылысқа белсене араласады. 1942-1947 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде нұсқаушы, 1947-1951 жылдары қазақ филармониясының директоры боп істеп, үлкен өмір мектебінен өтеді. Талай біліктілермен, зиялылармен сұхбаттасады, жұмыс бабында күрделі мәдени, қоғамдық мәнді мәселелерді шешісуге атсалысады. 1953-1954 жылдары Қазақстан Геология министрлігінде аға инспектор қызметін атқарады, 1954-1955 жылдары Ақтөбе облысындағы Берсүгір шахта басқармасының бастығына жоғарылатылады. Кейін сөз өнері әлеміне біржола көшкенде «жұмысшы тақырыбынан», геологтар, ғалымдар жайынан жазатын романдарының кейіпкерлерімен шахта ішінде, кен барлау, археология ісінің басы – қасында жүріп танысады.

Өмірінің алғашқы сатыларында ысылғандығы, мол білім мен бай тәжірибе жинақтауы бір жағы әдебиеттегі ілкі адымдарының сәтті басталуына жол ашса, екінші жағы былайғы қызметіне де әсер етпей қойған жоқ. 1955-1957 жылдары қазақ Мемлекеттік көркем әдебиет баспасының аға редакторы, 1958-1967 жылдары «Қазақфильм» киностудиясының аға редакторы, сценарий коллегиясының мүшесі, 1967-1971 жылдары «Жазушы» баспасында директор, 1971-1975 жылдары Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы қызметтерін абыройлы атқарады. Ең бастысы-дарынын ұштада, замана беталысын дұрыс аңғарып, дәуірдің қилы-қырлы соқпақтарында өз жолын таба тілді, болашағынан ұялмайтындай бағыт ұстауына мүмкіндік ашатын өреге көтерілді.

Шығармалары

Ілияс Есенберлиннің алғашқы шығармалары 1940 жылы басылды. Ол көркем әдебиеттің көп жанрында (поэзия, проза, драматургия, кинодраматургия) жазды. Әдеби творчествосын поэзиядан бастады. 1945 жылы «Айша», «Сұлтан» поэмаларын жазды. «Адамгершілік туралы жыр» өлеңдер жинағын (1949) шығарды. Жалынды революционер, большевик Ә. Майкөтовке арналған «Большевик туралы поэмасын» (1957), «Біржан сал трагедиясы» дастанын (1959) жазды. «Өзен жағасында» (1960), «Толқиды Есіл» (1965) повестері, «Айқас» (1966), «Қатерлі өткел» (1967), «Ғашықтар» (1968), «Қаһар» (1969), «Алмас қылыш» (1971). «Алтын күс» (1972). «Жанталас» (1973), тың туралы «Көлеңкемен қорғай жүр» (1974) романдары қазақ әдебиетіне (прозаға) қосылған елеулі үлес болды. Кеңес өкіметі жылдарында туып қалыптасқан қазақ интеллигенциясының өмірін, олардың қазақ даласында социалистік өнеркәсіп орнату жолындағы қажырлы еңбегін, ескіліктің адам санасындағы қалдығына қарсы күресті баяндайтын «Айқас» романына 1968 жылы Қаз КСР Мемлекеттік сыйлығы берілді. Ал тарихи тақырыпқа жазылған «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» трилогиясы қазақ халқының басынан өткен ауыр кезеңдерді суреттеген

шығарма ретінде танылды. Ілияс Есенберлиннің орыс тілінде шыққан «Песня о человеке» (1956) романы 1958 жылы қытай тіліне аударылады. «Таудағы тартыс» (1962) пьесасы Алматыдағы Балалар мен жасөспірімдер театрында қойылды. М. Ерзинкянмен бірігіп жазған «Күйма» (1961) киносценарийі бойынша жасалған фильм бүкіл кеңес және венгр, поляк, болгар экрандарына шықты.

Ілияс Есенберлин прозасы түгел дерлік орыс тіліне аударылды. Мысалы, «Айқас» («Схватка», 1968); «Қатерлі өткел» («Опасная переправа», 1970); «Ғашықтар» («Влюбленные», 1970); «Қаһар» («Хан Кене», 1971); «Алмас қылыш» («Заговоренный меч», 1973). «Жанталас» («Отчаяние», 1974), «Көлеңкемен қорғай жүр» («Прикрой своим щитом», 1974) деген атпен басылып шықты. «Ғашықтар» романы өзбек тілінде басылды. І. Есенберлин қырыққа жуық ән мәтінін жазды. Ол К. Д. Ушинскийдің «Әңгімелері мен ертегілерін» (1945), М. Жулявскийдің Вьетнам өміріне арналған «Қызыл дария» (1956) романын қазақ тіліне аударды. Есенберлин Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталған.

Романдары және тарихи сана

Қазақстан республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақ әдебиетінің тарихында бүгінге дейін ең көп роман (17) жазған жазушы І. Есенберлиннің қаламынан туған «Айқас», «Ғашықтар», «Қатерлі өткел», «Алтын құс», «Маңғыстау майданы», «Алтын аттар оянады», «Көлеңкемен қорғай жүр», «Алыстағы арпалыс», «Аққу құстар қуанышы», «Махаббат мейрамы», т. б. романдары тың тақырыпта жазылып, қазақ әдебиетінде оған дейін мүлде көтерілмеген мәселелерді қозғаған, соны серпін әкелген, оқырман сүйіспеншілігіне бөленген туындылар еді. Ол - қазақ әдебиетінде алғашқы болып тарихи зерде тамырына қан жүгіртіп, тұншыққан сананы қапастан шығаруға жол салған, ұлт рухын тірілткен жазушы ретінде қазақ әдебиетінің тарихында оқшау орны бар тұлға. Ілияс Есенберлиннің алты кітаптан тұратын тарихи эпопеясы сөз өнерінің әлемдік нұсқасына қосылған тарихты көркемдік пайымдаудың үздік үлгілерінің бірі болып қала бермек. Тарихи тақырып арқылы бүгінгі күнге, қазіргі дәуірге қатысты идеялар айтылатынын естен шығаруға болмайды.

Тарихи шығарма сол өткен заманның әлеуметтік-эстетикалық реконструкциясы ғана емес, онда бүгінгі уақыттың да философиялық концепциясы жатады. Тарихи шығармалардың өмір танытқыштық мәнін айтқан кезде, онда бүгінгі рухани тіршілігімізге қатысты көп мәселелер қамтылатынын ескеру керек. І. Есенберлиннің «Көшпенділер», «Алтын Орда» романдарын өткенді айта отырып оны қазіргі өмір құбылыстарына байланыстыра білу - көркем шығарманың эстетикалық актуальдығын арттыратын көркемдік фактор екенін дәлелдейтін, уақыт рухы көрінетін, жаңа концепция әкелген шығармалар деуге болады.

Ілияс Есенберлиннің ұлт тағдырына қатысты шетін сырлары мен идеялары кемел деңгейде көрінетін бұл эпопеяның алғашқы бөлігі «Көшпенділер» трилогиясы еді.

Шығарма кейіпкерлері ретінде негізін тарихи тұлғалар, Шыңғыс хан

дәуірінен басталып Кенесарымен аяқталатын қазақ мемлекетінің бастау көзі мен қиын-қыстаулы тағдыр-талайының басында тұрған хандар тізбегі, ел мұны мен арман-тілегінің хабаршысы ақын-жыраулар, ел бірлігінің ұйтқысы, халықтың ақыл-парасатты билер, ел мен жер үшін, ұрпақ болашағы үшін қасық қаны қалғанша жаумен шайқасып отанын қорғай білген арыстан жүрек, атанжілік батырлар. Бұлар - ел есінде сақталып, тарихта қалған өмірде болған тұлғалар. «Көшпенділер» трилогиясы - партиялық идеологияның қылышынан қан тамып тұрған уақытта дүниеге келген шығарма.

«Көшпенділер» қазақ халқының, ұлттық тарихының бастау көзі беріде емес, әріде жатқандығына жөн сілтеді. Бүкіл бір халықтың өмір-тарихы ұмытылып бара жатқандығын еске сала отырып, оған кінәлі - коммунистік саясат екендігін ашып айтпаса да, өмір ағысы басқа арнамен ағып бара жатқандығын, тарих беттері бұрмаланғандығын көркем тілмен бейнелеп берді.

Архивтік деректер, халықтық аңыздар, этнографиялық сипаттар негіз болған тарихи эпопеяда автор оларды сол өткен дәуір елесін дәл бейнелеу үшін ғана емес, оған қоса түрлі қағида мен идеялардың, түрлі психология мен мақсат мүдделерінің қандай заман, қандай қоғамдық жүйеде болсын сабақтастық алып жатқан көрінісін беру үшін де пайдалану мақсатын ұстанған.

Кітапханашы: Ендеше, сол «Көшпенділер» фильміне көз жүгіртейік. «Көшпенділер» фильмінен үзінді.

Есенберлиннің нағыз жазушылық орнын белгілеген шығармалары — "Қаһар", "Алмас қылыш", "Жанталас" атты тарихи романдары.

Тарихи романдар деп өткен тарихтың маңызды оқиғаларын қайта жаңғыртып, оларды көркем түрде баяндайтын романдарды айтады. Жазушылар тарихи романда тарихты жаңғыртумен шектеліп қоймай, адамгершілік, психологиялық, мәдени мәселелерді біртұтас көтеруге көңіл бөледі

Кітапханашы: Құрметті кітапсүйер қауым! Осы аталған «Көшпенділер» трилогиясының талқыланатын сұрақтарыны көшсек:



1. Үш кітапты біріктіріп тұрған қандай тақырып?

Кітапханашы:

Ілияс Есенберлин шығармаларының негізгі тақырыбы – қазақ тарихы.

Қазірдің өзінде –ақ Ілияс Есенберлинсіз қазақ әдебиетін көзге елестету мүмкін емес, ал оның романдарының беттеріне мұқият үңілмейінше ұлттың сан ғасырлық тарихына талдау жасау мен ой жүгірту мүмкін емес және толымды болмайды, ол ол романдардан оның жазушы

ретінде зерттеулерінің, шығармашылық ізденістерінің нысаналылығын, ойлау негізінің өзі ғана емес, сонымен қатар оның түпкі нәтижелері, оның өмірлік тұжырымдамалары да жемісті болғанын аңғармау мүмкін емес.

2.Қазақ хандығының Мұхмед Шайбани әулетімен, Бұхар хандығымен қарым қатынасы қандай болды?

Кітапханашы:

Қалың әлеумет адамдары да романның басты идеясын ашуда елеулі қызмет атқарады. Мәселен, Асан Қайғының Бердібек пен Әбілхайырға айтатын қатал сын сөздері, Әбілхайырдың Керей мен Жәнібек елін шабам деген екпінінің қол астындағыларының қолдамауынан су сепкендей басылуы сияқты көріністер бұған айғақ.

3.Ақтабан шұбырынды,Алқакөл сұлама оқиғасы туралы не білесің?

4.Абылайдың орындай алмаған арманы.

Кітапханашы:

«...Өкінішім – үш жүздің басын қоса алмадым... Өзге жаудан қазақтың жерін қорғаймын деп жүргенімде дүние құрғыр өтіп кетіпті ғой» деп өкініш білдірді.

Абылай хан –күрделі тұлға. Шындығында, Абылай хан орыс патшалығына, отарлау саясатына көнген жоқ. Алайда оның неше түрлі айла арқылы Қытаймен ортақ тіл таба білуі мықты стратег болғандығын көрсетеді.

5. Хандардың дұрыс саясат жүргізуіне көмектескен жыраулар туралы?

6. Қандай қазақ батырлардың бейнесі молынан қамтылған?

Ағыбай батыр Қоңырбайұлы, Шұбыртпалы Ағыбай (1802-1885) – Кенесары Қасымовтың Ресей отаршылығына қарсы көтеріліс басшыларының бірі, қолбасшы.

7. Трилогияда тарихи деректерді қайдан алды?

Кітапханашы:

Тарихи деректерді беруде тарихшының ақыл кеңесі керек –ақ. Ілияс Есенберлин тарихшы Ермұхан Бекмахановпен кездесіп тұрған. Ермұхан Бекмаханов қай шығармада қандай кезеңге тоқталу керектігі жөнінде пікірін білдіріп отырған екен. Тағы бір атап өтетін мәселе: осы үш кітаптың халыққа трилогия болып таралып, орыс тіліне аударылып, Одаққа таралуына Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың септігі тиді. Ол кісі өмірінің соңына дейін



қолдан келгенінше қамқорлығын аямаған. Жазушы тарихи орындардың, соғыс жүрген жерлердің бәріне барып, хан ордаларын көзімен көрген. Тарихи шығармада тарихи құжат дәлелді, дәйекті болмай, шығарма оқырманды сендіре қоймайды. Яғни, бұл шығарманың мықтылығы да тарихи негізінің күштілігінде жатыр.

Филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің профессоры -Әнуар Тарақовтың сұхбатында

8.Кенесары қазақтың соңғы ханы екенін дәлелде.

Кітапханашы:

Жалпы алғанда, І. Есенберлиннің "Қаһар" романы — қазақ халқының азаттық жолындағы күрес шежіресіне қосылған, оның Кенесары қозғалысы сияқты аса ірі кезеңінің ішкі сырларын көркем түсінуге көмектесетін елеулі тарихи шығарма.

9. «Көшпенділер» трилогиясы соңынан басына қарай жазылған. Бұл қаншалықты рас?

Кітапханашы:

Қазақстанның Халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтың «Аңыз адам» журналына берген сұхбатында:

«Ия, алдымен трилогияның соңғы кітабы саналатын «Қаһар» дүниеге келді. Өйткені ол бүгінге дейін талайларды сансыратқан Кенесары туралы ең даулы кітапты алға салуды жөн көрген. Содан Асан қайғы, Әз Жәнібек заманынан бастап, Қасым, Хакназар хандар тұсына дейін баяндалған «Алмас қылыш» оның соңынан XV ғасырдағы Абылай заманын суреттейтін «Жанталас» романы жазылды. Осылардың ішінде Ілекеңнің барынша мінсіз шығаруға күш салып, мұқият дайындалған, алғашқы қамал бұзар кітабы «Қаһар» деуге болады.»



10. «Көшпенділер» фильмі Қазақстанда қашан түсірілді, Басты рольді сомдаған актер?

Жанр тарихи фильм, Режиссёр-Иван Пассер, Сергей Бодров
Продюсерлер-Милош Форман, Рэм Бергман, Павел Дувидзон, Рустам Ибрагимбеков
Сценарий авторы-Рустам Ибрагимбеков
Басты ролдерде- Джей Эрнандес, Аянат

Есмагамбетова, Куно Бекер,

Марк Дакаскос

Оператор-Юли Стейгер, Дэн Лаустсен

Композитор-Карло Силиотто

Кинокомпания «Казахфильм», «Ибрус»

Ұзақтылығы 112 мин.

Қаржы 34 млн. \$

Ел-Қазақстан, Франция

Тіл русский язык

«Көшпенділер» (каз. Көшпенділер, англ. Nomad) - 2005 жылы бірлескен қазақ-француз фильм.

Мазмұны

«Көшпенділер» фильмі Ілияс Есенберлиннің трилогиясының екінші кітабына негізделген. Шынайы сүйіспеншілік, жанкешті достық туралы лирикалық астарлы әңгімесі- XVIII ғасырда орын алған нақты тарихи оқиғаларға негізделген. Фильмнің негізі - Абылай хан тарихы.

Фильм 2004 жылы аяқталған болатын, бірақ, продюсерлер суретті көріп, романтикалық желісін кеңейту туралы шешім қабылдады. Жоба директоры Иван Пассер мен оператор Юли Стейгер келіспей, жобадан кетті, ал олардың орындарына Сергей Бодров пен Дэн Лаустсен келді.

Естелік

Астана қаласында І.Есенберлин көшесі бар.

Алматы қаласында І.Есенберлин көшесі бар.

Алматы қаласында №25 Гимназиясы І.Есенберлин атында.

Туған жері: Атбасар қаласында І.Есенберлин атында музей бар.

Қорытынды: «Ілияс Есенберлин – қазақ әдебиетінің ғана емес, қазақ халқы тарихының төрінен лайықты орын алатын дара тұлға. Олай деуіміздің бірнеше себептері бар. Ақиқат шындық темір шымылдықтың ар жағында тұтқындалып, ата тарихының «ақтандақтарын» зерттеуге тыйым салынған жылдары Ілекең қазақ қаламгерінің алғашқысы болып қиын да күрделі тақырыпқа –Қазақ хандығының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күресі тақырыбына қалам тартты. Қалам тартып қана қойған жоқ, өзінің эпикалық құлашы, халық өмірінің сан алуан қырын кең қамтуы, қазақ тарихының кемеңгер көсемдерінің қайталанбас бейнесін сомдауы жағынан өзге туындылардан оқ бойы алда тұрған талантты шығармасы –

«Көшпенділер»тарихи трилогиясын дүниеге әкелді. Бүгінде дүниежүзінің көптеген халықтарының тіліне аударылып, әлденеше рет басылған жазушының еңбегін хандық дәуірдегі қазақ өмірінің энциклопедиясы десек артық айтқандық бола қоймас»

Нұрсұлтан Назарбаев

Мен – дағы жаздым халық ұлы ісін,

Барынша ашып тарих кең уысын.

Тілегім соған айтар, жас ұрпағым,

Тайсалма әділеттің туы үшін....

дегендей осы кешті Ілияс атамыздың өз сөзімен аяқтағым келеді. Хош сау болыңыздар! Аспанымыз ашық, елімізде тек бейбітшілік болсын!



Құрастырған кітапханашы Исабекова Л.Б.

Пайдаланған әдебиеттер:

Есенберлин І. Көшпенділер: тарихи трилогия. 1-кітап. Алмас қылыш - Алматы: Жазушы, 1976. - 312 б.

Есенберлин І. Көшпенділер: тарихи трилогия. 2-кітап. Жанталас - Алматы: Жазушы, 1976. - 320 б.

Есенберлин І. Көшпенділер: роман-трилогия. 3-кітап. Қаһар / [алғы сөз жазғ.: Н. Назарбаев]. - Алматы: Баспагерлер мен кітап таратушылар ассоциациясы, 2015. - 380 б.

Ақшолақов Ербол. Елін сүйген Есенберлин: [жазушы Ілияс Есенберлиннің шығармашылығы туралы] / Ақшолақов Ербол // Жұлдыз. - 2009. - № 11. - 203 б.

Алпысбаев Құныпия. Есенберлиннің ерлігі: [жазушы І. Есенберлиннің шығармашылығы туралы] / Алпысбаев Құныпия // Жас өркен Қостанай. - 2007. - № 4.

Алпысбаев Құныпия. Шерлі шежіре шындығы: [жазушы І. Есенберлинге - 100 жыл] / Алпысбаев Құныпия // Егемен Қазақстан. - 2015. - 10 қараша. - Б. 8.

Балтымова М. Р. Ілияс Есенберлиннің "Көшпенділер" трилогиясы: жан және поэтика мәселелері: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Балтымова Мира Рашидқызы. - Алматы, 2009. - 25 б.

Дәдебаев Жанғара. Қилы замандардың шежірешісі: [жазушы І. Есенберлиннің шығармашылығы туралы] / Дәдебаев Жанғара // Қазақ әдебиеті. - 2015. - 11-24 желтоқсан. - Б. 8.

Есенберлиннің ақындық мұрасы өз езеңінің шындығына негізделген: [жазушы Ілияс Есенберлин туралы профессор Рақымжан Тұрысбекпен сұхбат] / Тұрысбек Р; сұхбаттасқан Анар Әлдибекова // Аңыз адам. - 2015. - № 16. - Б. 30-32.



*Тас бұлақтың қайнарындай тұп-тұнық
Талантыңды талай елге ұқтырып.
Тұрсың биік, туың міне желбіреп
Тұлғаң толы –ірілік пен мықтылық.
Хамитбек Мұсабаев.*

Сәбит Досанов 75 жас

«Қазақ әдебиетінің кемеңгері» (кеш портрет)

Торғай даласы ақындық, шешендік өнердің және барырлар өлкесі ретінде атақ- даңқы қазақ елі- жұртына ертеден – ақ мәлім болған.

Ағартушы, ғалым жазушы Ы.Алтынсарин бастаған Сейдахмет, Есенжол, Жұмабай, Күдері, Байтас, және басқа да көптеген ақындар туып, өскен ел. Олардың ізін басқан Н.Ахметбеков, Омар Шипин, Сәт Есенбаев, Құтжан Қанжығалин, Ахметхан Әбіқаев сияқты ақындар.

Бүгінгі таңда жерлестеріміз Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков, Қоғабай Сәркекеев, Қойшығара Салғарин, Төлен Әбдіков, Кеңшілік Мырзабеков, Бақыткерей Ысқақов, Серік Тұрғынбеков, Серікбай Оспанов т.б. ақын- жазушыларымыз туған елінің атағын әлемге танытқан тұлғаларымыз .

Міне, солардың бірі – күні бүгінге дейін 25 том көлеміндегі көркем шығармалары жарық көрен жазушы жерлесіміз, көрнекті суреткер,

Сәбит Айтмұхамбетұлы Досанов- 1940 жылы 12 қаңтар айында Аманкелді ауданы, Байғабыл ауылында дүниеге келген.

Н.Мұқатов. «Жазбай қалған жалғанда жанры жоқ.» арнау өлеңі оқитын Нұқ Ерболат

Байтақ өлке Байғабыл өскен жері,
Көкірегінен көп сезім көшкен селі.
Батыр елдің баласын бастан сипап,
Әдебиеттің әкетті көш керуені.
Тағдыр берген таланттан жағылып от.
Жазбай қалған жалғанда жанры жоқ.
Қиялының қанатын қатайтатын,
Көз алдында клбеңдер сағымы көп.
Таразылап тақырып таңдап алып,
Ойлы сөзге оқырман канғаны анық.
Қайта құру кітабын алғаш жазып.
Қалпы да бар халқына мақтанарлық.
Адам келмес дүниеге қалқаюға,

Нардай жүк тартылмай ма нардай ұлға.

Қарымды қаламгерім хақында жоқ,

Барынды беріп болмай қартаюға.

Азамат жемістерін таңдап, терсін,

Аброй алыстардан самғап келсін.

Қазақта көп емес қой Сәбеңдерім,

Қолтықтан демер сені ардақты елім.

Қайран елден қашықтама бір елі,

Жазық дала- жазушының жүрегі.

Қаламыңнан қалың томдар қаптасын,

Ініңіздің ең ізетті тілегі.

Әкесі Аймұхан- кітапты көп оқыған кісі болған енек, әсіресе Сәбит Мұқановтың шығармаларын ерекше сүйсініп оқитын болған.

Сондан болар менің есімімді ырым етіп Сәбит қойған екен дейді қаламген өз естеліктерінің бірінде. Соның әсері болар ең алғашқы қолжазбасын да С.Мұқановқа әкеліп көрсеткені.

Ол бірнеше көркем очерктерден құралған жинақтың аты «Қайырлы таң» болатын. Тақырыбы тың және тыңайған жерлерді игеру жайында.

Онда балаң студенттің туған жерге деген өлшеусіз махаббаты, туған тілінің байлығын жақсы меңгеруі .Очерктер идеялық және көркемдік жағынан биік дәрежеде жазылған Бұл 1966 жыл болатын.

С.Досанов очерктерінің қай- қайсында болса да нақтылы адамдардың сүйкімді бейнесі осылай жасалады.

Өмірден алғанынан алары көп, оқушыға бергенінен берері көп әдеби машығы, шеберлік құралы әлі де болса жетісе бермейтін жас жазушының тұңғыш шығармалары еді бұлар...

Шығармашылығы:



Сәбит Досанов Академик Серік Қирабаевтың сөзімен айтсақ, « ол әдебиеттің бар жанырында жазған Сәбит Мұқановтан кейінгі екінші жазушы» Біз бүгін Досанов прозаларындағы адам концепциясы арқау ете отырып, қаламгердің көркемдік ізденістері мен іркілістерін сөз етпекпіз.

1958- жылы автордың «Шабындықта» атты шағын тырнақалды әңгімесі екінші кластың «Ана тілі» оқулығында, бірқатар әңгімелері «Пионер» журналында басылған.

Алпысыншы жылдардың аяғы мен жетпісінші жылдары Досанов әдеби көркем сын жанырында еңбегі етті. Сонымен қатар жазушы көп жылдардан бері көркем очерк, публицистика, театр сыны саласында да еңбек етіп келеді.

Жазушының соңғы жылдары жазған «Дауыл» пьесасы М.Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік драма театрында және С.Қожамқұлов атындағы Торғай

облыстық театрында қойылды.

1966- жылы С.Досановтың алғашқы «Қайырлы таң» очерктер мен әңгімелер жинағы жарық көрді.

1968 жылы- «Бұлбұл үні», « Алтын күрек әні»

1971- жылы «Қыран қалғымайды», «Ақ аруана» повестер жинағы

1978 жылы «Тау жолы»,

1981 –жылы «Екінші өмір» романдары жарияланды.

1996 – жылы «Алыстағы аяулым» «Адаспандар адамдар».

2006- - жылы «Сыңсып ұшқан сыңар аққу» шығармалары жазушы өмірінің өзекті мәселелерін көтере білетін көркемсөз шебері ретінде танытты.

1998- жылы жаңа ғасырға арнап, «Жиырмамыншы ғасыр» «Двадцатый год» , «Белая аруна»,

2003- жылы «Аптаның екінші күні» , «Қылбұрау»,

2005 жылы- «Ұйық»,

2007 жылы- «Тұйық» романдары мен «Жусан исі» повестері мен әңгімелер жинақтарын жазды.

2009 жылы- төртінші кітабы «Жиырмамыншы ғасыр» роман эпопеясында жазушы еліміз соңғы жүз жылда бастан кешкен оқиғаларды қамтып, өз уақытының көркем шежіресін жасаған (бұл шығармалары туралы экран арқылы электронды слайд арқылы танысыңыздар). слайд көрсету.

Жазушының «Тау жолы», «Ақ аруана», «Екінші өмір». «Дүние жалған» роман. повестері орыс, француз, испан, өзбек, қырғыз, украин т.б халықтар тілдеріне аударылған.

«Қазағым- ау қайда барасың?», атты жыр жинағы , «Дауыл», «Ертең бюро» пьесаларын республика театрларының саханасында қойылды.

Соңғы жылдары « Қыран мен жылан», «Қынаптан суырылған қылыш», «Кемеңгердің құпиясы» деп аталатын повестері мен әңгімелер жинақтары басылып шықты.

Досанов әдеби сын мен әдебиет зерттеу бағытында да жемісті еңбек етіп, 1971-жылы. «Соны іздер», «Жүректің отын сөндірме», «Қазына» монографияларын оқырман қауымға ұсынды.

Жазушының халықаралық М.Шолохов атындағы сыйлығын алған «Тау жолы» романы қазақ әдебиетіндегі театр тақырыбына жазылған жалғыз роман. Қиын тақырыпқа қиялап жол салған « Тау жолының» бас кейіпкерлері әнші Құпия, суретші Құмарбек.

Жалпы романның композициялық құрлымы ширақ. Әр бөлім мен бөлімнің, тарау мен тараудың арасы барыншы табиғи қалыпта жымдасып жатыр. Романның тілі де қарапайым да құнарлы. Бүгінгі күн тақырыбына жазылған бұл күрделі шығарманың бас кейіпкерлері өнер өкілдері, ғылым, еңбек адамдары десек те олардың жұмыс істейтін коллективтері, қоғамдық өмірі, әлеуметтік ортасы, араласқан кісілер тағы бар.

Оқиғаның даму логикасына бейім өрілген қазіргі қала және ауыл өмірінің шыншыл суреттерін айтуға болады.

Роман III- бөлімнен тұрады. 1- ші бөлімінде « Махаббат алақанында»,
2- ші бөлім. «Армансыз адам»,
3- ші бөлім, «Өмір сүру оңай ма?» атты бөлімдер. Мұнда баянды махаббат та, жалған өткінші құмарлық та суреттеледі. Роман жас суретші Құмарбек пен талантты қыз Құпияның қиын да қызулы тағдырын бейнелеуге арналған.

Бұл романда тағдыры күрделі, өмір жолы өнеге белгілі бір дәрежеде әлеуметтік жүк көтерген күрделі кейіпкерлер бар.

Өмірде жолы болмай жүрген жас әнші Құпия суретші Құмарбекке кездескеннен кейін оның таланты бар қырынан ашылады. құмарбек те солай. Олардың өмір жолдары, жан дүниесі күрделі тағдыры тағы бар.

Құпияны өзімен бірге істейтін Шекер көре алмайды. Неге?. Себебі, Құпия талантта. Романда автор табиғатты суреттеуі өте әсерлі бейнеленген;

« Мезгіл қарашаның қақ ортасы.Жаз бойы көз жауын алған жапырақтар сарғайып, сұңғақ сұлу теректер жалаңаштана бастаған. Әйтседе әлі суық шалмаған алуан түрлі, хаш иісті гүлдер абат бақтың ажарын ашып тұр.

Сарғыш тартқан жапырақтар ұясына тұсау бойы тақаған күннің қызғылт сәулесіне шомылып, айлы түнде алақанда ойнатқан алтынның сынығындай құбыла құлпырады. Бұрынғы күндерден әлдеқайда ашық аспан әдеттегіден биіктеп кеткендей. Үлбіреген ақ шарбы бұлттар Алатаудың ақ бас шыңдарына шәлі боп орала қалыпты..... деп әрі қарай табиғатта тамашалап отырған суретші Құмарбектің сезімін суреттей келе, Құмарбек бейнесін де суреттейді.

Құмарбек- жаны таза,сөз бен іске берік, махаббатқа адал азамат.Сонымен бірге ол талмай ізденетін талантты жан.

Жазушы романда адамдар арасындағы мінез- құлық, іс- әрекетке ғана назар салмай, кейіпкер- оқырман- автор болып өзі үшін де, өзге үшін де қиындықтан шығар жол іздейді. Ол жол - әрине адамдардың бір- біріне деген сенім мен махаббаты.

Досанов романда Құпияның бойындағы керемет назды да биязды қылығын хас жазушыға тән шеберлікпен бере біледі.Бұл тұрғыда кейіпкердің болмысын ішкі- сыртқы бірлікте суреттей отырып, аса дарынды суреткер екендігін таныта біледі.

Зұлымдық пен қызғаныштың құрбаны болған Құпияның ерекше жаратылысын, нәзік табиғатын, ұлттық психологияға тән портретін мінездеу де ашық сипатталады.

Көпжылдық творчестволық ізденістің жемісі болып табылатын бұл романда автор Атымтай, Ағжан, Әбдеш образдары арқылы өмірдің күрделілігін суреттейді.

Романда баянды махаббат та, жалған, өткінші құмарлық та суреттеледі. Сондықтан да әр тарауы адамды тартып отырады.

Басты арнада сөз болатын жас суретші Құмарбек Әбенев пен Құпия Сүлейменованың қилы- қилы тағдырлары, мағыналы өмір жолдары мен кіршіксіз махаббаттары романда бастан аяқ өрілген.

С.Досанов көбіне көп замандастарының моральдық бет- бейнесін,

адамгершілік қасиеттерін ашуды көздейді. Ол өткені бүгінгісіне ұқсамайтын, ертеңі бүгінгісінен бөлек замандастарымыздың әлеуметтік- психологиялық сипатын танытатын, айғақтайтын, паш ететін озық ойлы замандастарымыздың паратсатты тұлғасын, интелектілі образын өз мәнінде, реалистік деігейде жасай алады.

С.Досанов прозасындағы шырғалаң тағдырлар жазушының өз өмірінде көзімен көрген, көңіліне түйген түйінді ойлары мен сол ой таразысынан еленіп шыққан қортынды, қорытпа пікірлерінің шығармаларында берілуі, суреттелуі десек қателеспейміз.

Өзін толғантқан, толғандырған мәселелер төңірегіндегі топшылауы мен айтпақ ой- пікірін қарымды қаламгер росандары арқылы оқырманға жеткізеді. Шығармадағы көтерген мәселе, түйінделген мазмұн ең алдымен авторлық идея мен концепцияны айқындамақ.

Яғни, жазушының өмірге деген көзқарасы қатар көрініп отырады.

Сонымен қатар бұл романда адал да, кіршіксіз Құпия мен арамза Шекер тағдыры қатар суреттеліп отырады.

Көркем шығарманың ең негізгі міндеттерінің бірі жеке адамға ғана емес, қоғамға да зиянды кеселдермен күресу деп қарағанымыз жөн.

Өзінің қабылетсіздігін өзгеден көретін, талантты адамдарды мүйіздеп, оған неше түрлі қастандық жасайтын мұндай қызғаншақ адамдар өлі де қоғамымызда бар. Олар, әрине, жеке талантына ғана емес, бүкіл өнерге үлкен зиянын тигізеді. Шекердің Құпияға жасаған қастандықтары, ең соңында Құпия ажалына себепші болуы, ояының айқын бір дәлелі секілді.

Құпияның өлімі ың- шыңсыз өмірден кетуімен емес, оны осындай жағдайға душар еткен жандардың өз істері үшін ар жазасына ұшырауымен аяқталады.

Бұл қайғыға кім кінәлі? Әрине, адам бойындағы қызғаншақтық, зұлымдық, мейрімсіздік кінәлі. Неге адамдар бі біріне сонша мейрімсіз, сонша қатыгез?

Бұл сауал тек «Тау жолында» ғана емес С.Досанов шығармаларының барлығында дерлік ұдайы қойылып отырады.

Бұл жерде С.Досанов екі кейіпкерді қатар қойып паралельді түрде суреттеген. С.Досановтың әдебиетке әкелген жаңалығы да осы деп білеміз.

Сонымен қатар бұл романда дала мен қала өмірі де дәл осындай алма – кезек суреттеліп отырады. Романды оқи отырып даланы да, қаланы да кезек- кезек көз алдымыздан өткізгендей боласыз.

(енді біз осы сөз болған романымыздан кішкене көрініс тамашалайық)

/ көрініс. Құпия мен жеңгесінің арасындағы монолог /

Адамның төбе шашын тік тұрғызатын осы кішкентай ғана диалогтан нағыз көкбет әйелдің айқын мінезін көреміз.

Жалпы бұл романда Құпия трагедиялы тұлға ретінде көрінеді. Себебі өмірінің соңында бітпей қалған қаншама дүниесі мен орындалмай қалған арманы көп еді. Өз сүйгеніне қосылып бақытты ғұмыр кеше алмаған да, Шекердің зұлымдығына шыдай алмай жүрегі дес берген де осы Құпия.

Мұндай тағдыр осы заманда да көптеп кездеседі емес пе ? Қаншама тағдырлай қиылып, қаншамасы бақытсыздық деген ащы удың дәмін татты.

Жалпы қаламгер шығармаларындағы әйел тағдыры сан алуан, бір-

бірінен өзгеше мұнды да жаралы жүректер сезімі туындыларының өн бойында кездесіп отырады.

Шынында да Құпия, Шекер, Айжан және б.б. тағдыры бір-біріне ұқсамайды.

С.Досанов шығармалары- өмірдің өзінен алынып, айналадағы күнде көріп жүрген құбылыстар өзіндік құнарлы да қарапайым тілмен әлеуметтік деңгейге дейін көтерілген шыншыл туындылар, Адам өмірі, табиғи тазалық, адамгершілік, қазақы мінез, қоғамдық өзгерістер шынайы суреттелген. Жазушының біз бірнеше романдарымен қосы повесть, әңгімелерін де оқып жүрміз. Ол тәуелсіздік жылдарында жалықпай еңбеі етіп, тәуелсіздік жылдары бір емес төрт роман жазып шығарды.

Олар: «Қылбұрау», «Ұйық», «Тұйық», «Намыс нажағайы» .


Бұл романдарда да негізгі өзегі- адам, адам өмірі, адам тағдыры, адам санасы мен адамның мінез- құлқы, адам ары мен арманы- осының бәрі қиямет қиындыққа сынға түседі, сыр ашады.

Адам мен табиға, адам мен адам арасындағы қарым- қатынас, қайшылық.

Бұл романдар шоғыры жайлы: роман- эпопея ХІХ ғасырдың аяғындағы Ресей- Қазақстан қарым- қатынастарынан бастау алады. Столыпин реформасының қазақ еліне тигізген залалынан бастап, 1905 жылғы бірінші орыс революциясына дейінгі оқиға росанның 1- томында суреттеледі.

2- томында тарихымыздың 1937 жылға дейінгі оқиғасы баяндалады.

3-ші кітапта Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ халқының хал- ахуалы, тың игерудегі жағдай, оның ұлтымыздың тіліне, дініне тигізген зардаптары, тағы басқа мәселелердің жақсы жақтары мен көлеңкелі тұстары адам тағдыры арқылы, олардың жан дүниесіндегі сан- қилы арпалыстары негізделген. Ал, төртінші кітапта еліміздің соңғы жиырма жылдағы шежіресі айтылады.



Досановтың «Ұйық» романы-2005 жылы жазылған кітабы ХХ ғасырдың жартысын қамтиды.

Романның бас кейіпкері Нұрдаулет Бабаханов- бай – оқыған көзі ашық, батырлығы мен қоса ақылдылығымен аты шыққан, даңққа бөленген.

Ол болашақты байыптай білген білікті тұлға және өз заманының сырын ұққан азамат. Автор сол кездегі қазақ қоғамының беделді де ауқатты ықпалды тұлғасы

Нұрдаулетті дәуірдің басты кейіпкері етіп тандайды да, соның ұғым түсінігі, іс- әрекеті арқылы заман шындығын ашуға мүмкіндік алады.

Ол дәуірдің басты- басты оқиғаларымен байланысып, ұлттық оянудың, отаршылдыққа қарсы күрестің, кейінгі кеңес дәуіріндегі оқиғаларды көрсетеді.

А.Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов сияқты ұлттық қозғалысқа басшылық жасап жүрген азаматтардың өзі оған соқпай өтпейді.

Олар Нұрдаулет арқылы халыққа ықпал жасайды, онымен достық қарым- қатынаста болады. Өз істеріне одан материалдық көмек алады., шаруаларын ақылдасады. Бұл арқылы біз қазақ байларының бәрі надан, сауатсыз, сараң,

сасық байлықтың иесі болған екен деген ұғымнан арыламыз .

Нұрдәулет өзі де оқыған, қазақ жастарын да Ресей қалаларында ғана емес, шетелдерде де оқуға көмектеседі.

Қыр қазағының сырласар досы,мұнын айтар, шерменде көңілін толықтырар серігі- ол көк қыраны Ақбас бүркіт , ол да жердегі пендесіне өз сезімін шеретеді.....

.....Ақбас бүркіттің жүрегінде өзі туып өскен Ұлы Даланың бұрынғы көз тоймайтын көркіне деген сағыныш, өздерінің ата мекеніне ие бола алмаған адамдарға деген аяныш сезімі оянды.

«Қайран ақкөңіл, аңқау қамсыз қазағым- ай,- деп ойлады Ақбас бүркіт- жерінді мылтықсыз жаулап жатса да қашанғы жайбасарлығыңнан танбай жайбарауат жүрсің. Көлден шөлге осылай ығыса берсең арты не боларын ойладың ба? Жер азып , табиғат тоза бастаса да байырғы қалың ұйқыдан оянар түрің жоқ. Туған жер біздің анамыз,табиғат біздің панамыз емес пе?

Тіршілік иесі анасы мен панасын көздің қарашығындай сақтамас па, жанын сала қорғамас па? Анасы мен панасынан айырған тіршілік иесі тірі жетім емес пе? Жан біткеннен ақылы асқан адамдар осыны неге ойламайды? Атам заманнан бергі ата мекеніміз көлден шөлге, гүлден, күлге айналмасын десеңдер Табиғат- Анаға тағылықпен қарауды, Аллатағала жомарттықпен сыйлаған жаратылыс байлығын тонауды тоқтатыңдар! Мына жарық дүниеде артық жаратылған ештеңе жоқ. Табиғаттың тірегі- тепе- теңдік пен үйлесім. Бұл дүниеде ештеңе ізсіз кетпейді. Судың да сурауы бар..».-деген өзі балапан кезінен бауыр басқан Ұлы Даладағы өзгерістер Ақбас бүркіттің жүрегіне қанжардай қадалады..... деп суреттейді жазушы қазақ даласының бейнесін.

Жалпы осы шығармалардағы ерекше оқиғаларды жазушы сол Ақбас бүркіттің ойы арқылы жеткізіп отарады.Құс та болса өзі туып өскен даласына деген аяушылық сезімін осылайша жеткізеді жазушы.

Күрмеуі қатты күрделі ғасырдың ауыр жүгін арқалап, халқымыздың жүз жылдық тарихының көркем шежіресін төрт ұрпақтың тағдыры арқылы суреттеген роман- эпопея қазақ прозасының суреткерлік қуатпен, жанкешті еңбекпен сомдаған шығарма.

Екінші кейіпкер – Айжан- оқыған қыз.Париждегі Сорбонна университетін бітіріп, Мәскеудегі Шығыстану институтына ғылыми жұмыспен айналысқан, ақыл- парасаты көркіне сай.Ол Нұрдәулеттің сүйгені.

Жазушы осы бейне арқылы қазақ әдебиетіне қосқан жаңа, тың ерекше бейне. Романда сол екеуінің қайғылы махаббаты да суреттелініп отырады.

Бұл романда «бай» образы керісінше жағымды образ ретінде танылады. Байлығы да бір басына жететін, бірақ дүниеқоңыз емес, елінің тұрмыс- тіршілігін түзесем, қолын өркениетке қарай жетелесем деген білікті жан.Ол қазақ даласына қарақұрттай қаптаған қарашекпенділердің лықсыған көшін тоқтатуға, қазақты шұрайлы жерінен ығыстыруға көшкен патшалық әкімшілікке қарсы жан аямай күрескен жан. Осы орайда да ол Алаш зиялыларымен тізі қосып, аянбай еңбек етеді.

Олар: Ахмет Байтұрсынов пен Мыржақып Дулатов еді. XIX ғасырдың аяғы

мен ХХ ғасырдың басында патшалық Ресейдің қазақ жеріне еніп, отарлау саясатын жүргізген кездегі оқиғалары мен қоса ұлт мүддесі үшін күресіп, Алаш жұртына «Оян, Қазақ» деп жар салған Міржақып пен Ахметтердің іс-әрекеттері де өте тартымды, шынайы суреттелген. Олардың «Қазақ» газетін ашу жолындағы еңбектері жайлы айтылады.

Романда суреттелетін басқа оқиғаларға тірек болып, соларды ашуға көмектескен бейнелер Асылхан мен Гүлсімді атауға болады.

Олар Қазақстанда отызыншы жылдары ашыла бастаған өндіріс ошағында, Балхаш мыс орнын ашу ісінде қозғауы мен қиындықтарының сырын бейнелейді. Эпикалық суреттеулер арқылы сол кездегі Қазақстанды билеушілер мен басшылықта болған тариха адамдарды да оқиғаларға қатыстыру заманының шындығын түсінуге жәрдемдеседі.

1906-1910 жылдардағы қазақ халқының басына түскен ауыртпалық жылдардағы АХМЕТ, Мыржақып, Нұрдәулет, Бектас т.б азаматардың күрескерлігі жайлы терең жазылған.

Қорта айтқанда роман қазақ әдебиетіндегі ақтаңдақтардың бірі- Столыпин реформасынан кейін Ресей мен Қазақстан арасында шиыршық атып, шиеленіске түске, драмалық, кейде тіпті, трагедиялық халге жеткен аса күрделі қарым- қатынасты суреттеуден бастап шығарма желісі қазан төңкерісі, аштық, үрейлі отыз жетінші жыл оқиғаларына ұласып, арпалыстар мен айқастар мен айқастар арқылы бейнеленген.


Аласапыран уақыттың ақтүтек боранына тап болып, адасқан адамдардың жан дүниесін, махаббат мұңын сұңғыла суреткерлікпен бейнелеген жазушы өткен ғасырдың басында қазақ халқы бастан кешкен тарихи, әлеуметтік оқиғалардың көркем панорамасы жасаған.

Қазақ прозасында бұрын байқала қоймаған географиялық кеңістіктерде- Мәскеуде, петерборда, Парижде, Омбыда, Орынборда, сондай-ақ, Алматы мен Балқашта, Торғай мен Семейде өтіп жатқан оқиғалар сілемі кемел ой, кестелі тілмен көмкерілген.

Кітап III- бөлімнен құрастырылған. I- бөлім. «Сағыныш», II- бөлім. «Сабылыс», III- бөлім. «Тосылыс» .

(көрініс «Ұйық» кітабынан).

С.Досановтың «Тұйық» романы. -2007 жылы жазылған Жиырмасыншы ғасырдың соңғы онжылдықтарында қазақ елі бастан, кешкен тарихи оқиғалардың көркем панорамасы халық тағдырымен біте қайнасқан Ерасыл, Қажымұрат, Қаратай, Гүлшат, Айбота т.б. ұлтжанды кейіпкерлердің қиын да күрделі тағдырлары, шынайы түрде суреттелген.



Өн бойына ақақат пен аңыз, лирика мен трагедия жымдаса өрілген, оқиғасы қою, кейіпкерлер қатары қалың адам тағдырымеен байланыстыра суреттелген шығарма.

Кітап III- бөлімнен құрастырылған:

I-ші бөлім. «Көшкін.» II- бөлім. «Күн шығыстан шығады.» III бөлім-«Аспан жылыған түн».

«Тұйық», «Ұйық» романының жалғасы. I- «Көшкін»

бөлімінде Оқиғалар 1937 жылдың қырғынынан басталып, Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі кезең шындығына, тың көтеру шараларына, қазақ жеріндегі ядролық жарылыстар трагедиясына, 1986 жылғы қазақ жастарының қозғалысына ұласады.

Алаш қайраткерлері ертерек ұсталып кеткенде, олардан кейін Нұрдәулет те 1937 жылы қуғынға ұшырап, тергеу барысында өмірден озады.

Балқаш мыс қорту зауытын ашу ісінде тізе қосып жұмыс атқарып жүрген Гүлсім, Сұлтан, Әжі сияқты заманының жаңа адамдары қазақ қоғамын жаңарту қамында жүреді.

Соғыс тұсында қызметіне, отан қорғау ісіне жүрген азаматтар соғыстан соң да жаңа бір диалогиялық науқанға ілігіп, ұлтшылдық айыптауларға ұшырайды. Сол дәуір шындығын жазушы Бекмаханов тағдырына байланысты оқиғалар арқылы береді.

Романның «Көшкін» аталу негізгі идеясы- өмірдің көшкін екені, ауысып жатқан ұрпақ тағдырын таныту. Осылардың легінде елдегі кейбір жаңалықтармен қатар ұлттық дәстүр мен табиғаттың жүдеушілікке ұшырау суреттері беріледі.

Романның «Күн шығыстан шығады» деп аталатын екінші тарауы тың көтеру оқиғаларына арналған. Оның негізгі қаһармандары- Нұрдәулеттің ұрпақтары Ерасыл мен Қаратай. Осылардың іс- әрекеттері арқылы жазушы тың игерудің пайдалы жағы мен қайшылықтарын, кеңестік басшылыққа тән жоспар үшін күрес пен еңбекші халықтың астық үшін күресі концепцияларының тартысын ашады. Хрущев, Қонаев, Ташенов сияқты тарихи мемлекет қайраткерлері қатысатын эпизоттарда олардың бейнесін ашарлық фактілер пайдаланылады. Мысалы Ташеновтың Хрущевқа ұнамауы, оның қазақ елін бөлшектеуге қарсылық көрсетуі әңгімеленеді.

Романның соңғы тарауы «Аспан жылаған түн» негізгі сюжеттік желісі- Д.Қонаевтің қызыметінен кетуі, Г.Колбиннің келуі, 1986 жылғы қазақ жастарының қозғалысы мен оларды жазалау оқиғалары.

Осыған қатысты шындықтың көбі ақын Ерасылдың куәлігімен өтеді.

Қозғалыстың басты кейіпкерлері Қайрат Рысқұлбеков, Олжас Сүлейменовтің басынан кешкен жайлары суреттеледі. Колбиннің сойылын соққан белсенді Аркатай Есеновтің ұнамсыз қылықтары, жағымпаздығы, халқын, оның ұлттық намысын сатуы сыншылдықпен суреттеледі. Роман қазақтың ұлттық тіршілігінің Кеңес заманындағы шындығы тұйыққа тірелгенін бейнелеп көрсетеді.

Ғасыр шындығын көркем бейнелеуге арналған романның осындай үздік-үздік оқиғалардың құралуы дәуірге, оның сырын ашуға қажет материалдарды іріктеп алу ниетінен туғаны байқалады. Жеке күйінде сол оқиғалардың әр қайсы суреткерлікпен ашылып, көз алдыңнан өтеді. Соған лайық, оларға қатыналатын адамдар образдық дәрежеде көтеріліп танылады.

Табиғат көркемдігін, адамның ойлау қабилетін ерекше таза шынайы бейнелейді жазушы.

Жазушы шығармаларының біразында Ақбас бүркіт- символдық бейне есебінде әдейі алынған. Ұлы даланы кесіп өтіп, биікте самғап өмірді қырағы

көзімен шолып отыратын, туған жердің қайғысын бөліскеен, елінің тәуелсіздігін бірге аңсаған дала қыраны. Әрбір роман Ақбас бүркіттің қазақ даласын кезіп жүріп, көзі түскен оқиғалардан бастау алады.

«Тұйық» кітабында ол кең даланы биікте аралап, өзіне бұрыннан таныс өлкенің өзгерістерін байқаудан бастайды. «Осы шынымен менің атамекенім бе?- деп ойлайды ол- Әлде адастым ба?»

Ол Ұлытаудан өте бере қаешегі Нұрдәулет бай отырған ауылдың орнын таниды. Сол Ұзын бойлы, зор денелі байды есіне алады.

Елінің құтты мекендері Құсұяны, Шайтантіс мүйісін, Жалдама өзенін, Қыземшек тауын көреді. «Мен адаспасам, анау жайлауда жайылып жүретін мал қайда?, Жазық далада жортқан киіктер қайда кеткен? Құба жонда жортатын құландар мен шаңырқай мүйізін шайқап қойып, топ- топ болып жүретін бұғылар да, маң- маң басқан түйелер де, кісінеген дауысы қыранның өзін қалғытпайтын өңшең көкжал жылқылар да жоқ...../5 б»

Суы лайланып жағасы жалаңаштанған Жалдама өзенен таниды. Тоғаймен, өзенмен бірге жоғалған таңмен сайрайтын құстарды да көре алмайды.

Осы бір эпизодтың көркем сурет күйіндегі көрнісі көңіліңді бір шарпып өтпей кетпейді.

Бірақ өмірдің аты- өмір . Ол тоқтап қалмайды, Ақбас бүркіт те қара бұлтты қақ жара , шырқау биікке көтеріліп, батыстан соққан қатты желге қарсы ұшып бара жатады. Ол- өмір үшін тартыстың белгісі. Ақбас бүркіт арқылы айтылған жазушы ойы роман оқиғаларына негіз болып көрінеді.

Тұйықтың аяғы- азаттық, демократия. Елдің көкейкесті арманы екенін сезесің. ақбас бүркіт те сол демократияның символы болып, халықтың.

Ұлы Даланын бақытын, арманын бейнелейді.

1998 жылы жазылған «Жиырмамыншы ғасыр» деп аталатын роман-эпопеясы жазушы 15 жыл бойы жазған көлемді шығармасында төрт ұрпақтың күрделі тағдыры арқылы халқымыздың жүз жылдық тарихының көркем панорамасын суреткерлік шеберлікпен өте сәтті жасаған.

Роман- эпопеяның бірінші кітабында қазақ халқының бір ғасып бұрынғы өмірі, басынан кешкен отаршылдық азабы, ұлтын ояту жолында жан аямай күрескен Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М.Дулатов секілді ұлы тұлғалардың жазған еңбектері сондай- ақ оларды қолдаған Нұрдәулет секілді елдегі азаматтардың кісілік істері шебер баяндалған.

Сол сияқты патшалық Ресейдің озбырлығы , қазақ халқына көрсеткен зәбірі,негізсіз жазалауы, қырғынғы ұшырауы, отаршылдық саясатқа қарсы шыққан азаматтарды қудалауы, абақтығы қаматып, итжеккенге айдатылуы, құнарлы жерлерді басып алуы.

Столыпин реформасының зардаптары бедерлі суреттелген. Отаршылдарға және ұлы орыстық- шовинистік саясатқа деген ашу- ызысын тудырады, намысын қайрайды, Ары аяқасты етіліп тапталған, қорланған халықтың Азаматтығы мен Тәуелсіздігін аңсауы, өзін- өзі тануға талпынысы, буырқанған ерік- жігері көңілді тербейді. жүрекке патриоттық сезім ұялатады. Сондай- ақ қазақтың өз ішіндегі күншілдік пен іштарлық, шеншекпенге қызығушылық, сол үшін түрлі жамандыққа барушылық секілді

жайттар қулығына құрық бойламайтын бектас сияқты кейіпкерлер арқылы беріледі.

Роман- эпопеяның келесі кітаптарында ХХ-шы ғасырдың басынан бастап Ұлы Отан соғысына дейінгі уақыттардағы Қазақстандағы өнеркәсіптің дамуы, Тойлыбай, Әжі, Сұлтан сынды образдар арқылы жұмысшы табының қалыптасуы қазақ зиялыларының ұлтының өркендеуі үшін жасаған батыл қадамдары да нанымды бейнеленген.

Туындыда, әсіресе, 1932- 1938 жж. қуғын- сүргіннің бейнеленуі жантүршігерлік, психологиялық терең иіріммен берілген.

Атап айтқанда, «Халық жауларын» әшкерелеуге тым белсенділік танытқан, талай боздақтың өмірін өксікке айналдырған КГБ тергеушісі Нұриденнің бейнесі де естен кетпейтіндей мүрсінделген.



«Жиырмашыңшы ғасыр» атты төрт кітаптан тұратын роман- эпопеяның тағы бір ерекшелігі- бас кейіпкерлері мен персонаждары үш түрлі қоғам, үш дәуірде- патшалық Ресей империясында, кеңестік коммунистік кеңістікке, Тәуелсіз Қазақстан тұсында өмір сүріп, қаншама тағдыр талқысына түсіп, нешеме өмір өткелінен өткенде қалың оқиғалардың орыны да, сансыз кейіпкерлердің іс- әрекеттері мен кейіп- кескіндері де ерекше қас шеберлікпен өрілген.

Досановтың роман- эпопеясы қазақ қоғамының бір ғасырлық тарихының көркем панорамасын көз алдымыдан кетпейтін көркем бейнелер арқылы шебер жасаумен бағалы.

Абай , Сүйінбай, Д.Қонаев, Ж.Тәшенов, Асылхан, Ерасыл, т.б тектіліктің символы тұрғысынан да сомдалса, Бексұлтан Бұлақбаев, Зұлқайнар Есенжолович, Қапалбай, т.б. қара басының қамын. қызығын күйттеген, пайдасы үшін неден де тайынбайтын өзімшіл болып бедерленген.

Ал, Арқаттай Есенович қазақ қоғамының Коммунистік партия билеген кезіндегі ең зиянды, бірді- бірге соғатын зымиян, қулығына құрық бойламас сұм, екі жүзді сұрқия, қазақтың игі- жақсыларын сүріндіруге құмар.

Жазушы, ғибраты мол шешендік сөздерді, аңыздарды ұтымды қолданған. Автордың тілі көркем ,сары майдан қыл суырғандай биязы. Кей тарауларда мөлдіреген лиризм мен нәзік психологизм жібектей есілсе, кей бір жерлерінде шешендік, асқақ сезім ағысы, ой керуені тербеледі. Шығармада қазақы қалжың да, әдепті әзіл де, өткір юмор мен ащы сарказм да жетіп артылады.

Бұл ретте жазушының КСРО- ның ұрда- жық басшысы болған Н.Хрущевтің бейнесін өте келісті жасағанын айтыа өткен жөн.Автор оның әсіресе мінездерін естен кетпестей барынша дәл көрсетеді.

Жазушының бұл шығармасы жайлы сыншы, ақын жерлесіміз Жұма- Назар Сомжүрек былай деп жазған. «Ақпас бүркіт қазақ әдебиеті ғана емес, дүниежүзі әдебиеті шығармаларында да кездеспеген, бұрын- соңды болмаған тың символикалық бейне» .

XX- ғасырда қазақ халқы бастан кешкен өмір шындығын панорамалық суреттер арқылы бейнелеу бұл романдардың өзіндік ерекшеліктері болып табылады.

Қорыта айтқанда; автор XX-шы ғасыр- қазақ халқы үшін ерекше ғасыр екенін,көркем образдар арқылы келісті кестелеп, осы ғасырдың ұзына бойында ұлтымыздың басынанкешірген әр алуан нысаналы оқиғаларын, ұлы мұраттарын, қуаныш пен қайғы- қасіретін, жетістіктерін зерделі түрде кемел ой мен шебер суреттеген.

Біз С.Досановтың өрелі ойдың иесі екенін байқаймыз. Ұлттық психология төрт белгіге: ұлттық мінездің негізгі нысандарына, ұлттық сезімге, ұлттық санаға және ұлттық мүддеге қатысты.

Досанов- шығармалары өз халқының кемшілігін көріп, аяусыз сынай алған батыл жазушы. Ұлттық характерді ашу-сол ұлттың қасіретін, қарекет тіршілігін, тағдырын бүркелемей сыртқа шығару. Автор осынау аса қиын, аса маңызды күрделі мәселеге өзінің көркем туындылары арқылы жауап іздеуді мұрат тұтқан, Адамдар әртүрлі .Мінезі де, пиғылы да, сөзі де...,, Автор сол арқылы дүниедегі ең кушті де құдретті, тылсым да жұмбақ адам деген пенденің барша болмысына суреткерлікпен, зерделікпен үңіледі.

Жалпы С.Досанов- қарапайым ауыл адамдарының бар болмысын аса сезімталдықпен орынды аша білген психолог жазушы.

С.Досанов- алпысыншы жылдар ішінде әдебиетке келіп, бүгінгі прозаның салмақты жүгін көтерген топтың ірі өкілдерінің бірі. Оның шығармалары оқырмандардың жвлв ықыласына бөленіп, жазушы есімі қазір қалың қауымға белгілі. Кітаптары орыс, қырғыз, француз сияқты шет елдер тілдеріне аударылған.

Пьесалары:

«Дауыл», «Тоқақ шеңбері», «Адаспаңдар адамдар»,«Аманат»,«Дауыл» драмалық пьеса- негізгі өзегі- қой шаруашылығын табиғатқа тәуелді етпей, өнеркәсіптік негізде өркендету проблемасы: азақ- түлік программасын жүзеге асырып жатқан ауыл адамдарының қиын еңбегі, күрделі тағдырлары. Мұнда өндіріс мәселелері мен адам жанының, кейіпкерлер тағдырының сан тарау иірімдері бір өзекпен шебер жымжасып, сәттә өрілген.

Драма кейіпкерлері- Ерғали- Жақсыбай, Ерғали – Айнұр- Рымкеш линиялары айқын айғақ.

«Дауылдың» бас кейіпкері совхоз директоры Ерғали тұтқиылдан соққан циклон салдарынан 3 мың қойдан айырылғанын обком секретары Алмас Сүлейменовичке келіп табиғат апатына қарсы күресу жайлы идеясын айтады. Бұл мәселеге облыс басшысы түсінушілікпен қарап, оны қолдауы өмір шындығына сай. Әйтсе де, Ерғали ұсынған идея оңайлықпен жүзеге аспайды.

Өйткені оның жолында асу бермес асқардай бір топ қарсыластары тұр. Жаңалықты жақтырмайтын сол топтың басында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Жақсыбай тұр.

Қоғам, ел мүддесін ойлап күреске түскен Ерғали аудандық партия комитетінің бюросында, орнынан алынып, партиядан шығарылды. Алайда оның бұл жеңілісі уақытша жеңіліс болатын.

Бас кейіпкер Ерғали образы ерекше образ, нанымды бейне, шынайы оқиға желісінде өрбіген.

Ерғали- ұстаған принципіне берік, адал, әділ, жаңашыл қызыметкер, бірақ тәжірибесі тапшы, тік мінез, турашыл жігіт.

«Дауыл» драмасындағы оқиғаларды шиеленістіріп, қоюлатып тұрған ендігі бір кесек кейіпкер—Айнұр образы.

Айнұр ерлік жасайды. Ол Ерғалиді сүйе тұра, елде семьясы бар екенін білгеннен кейін аяғы ауыр күйінде өз еркімен одан біржолата кетеді.

Ерғалидің басына бұлт үйірілген тұста да оны сіріндірмеуге бекінеді.

Онымен тағдыр қосуға мүмкіндігі бола тұра осылай ерлік жасауы Айнұр бейнесін биіктетіп жібереді.

«Дауылдағы» характерлер дауылының бір тізгіні Рымкеш қолында тұр. Совхозда кассир болып істейтін, бірде тәтті, бірде қатты мінезі бар Рымкеш бейнесі де табиғатына сай әрлі бояумен әдемі бейнеленген,

Бұл «Дауыл» спектаклін М.Әуезов атындағы академиялық драма театры саханалаған.

С.Досановтың «Алтын күрек әні» атты кітабы Қайнар баспасынан шыққан. Онда Торғай даласындағы соңғы жылдары болған осы игі өзгерісте мен танысамыз.

Бұл кітапта жазушы негізінен торғай тыңын игерушілердің, олардың ішінде сол кезде партия ұйымына іскер басшылық еткен Социалистік Еңбек Ері, Торғай және Арқалық аудандық партия комитетінің бірінші секретары болып қызмет атқарған Оразалы Қозыбаевтың және оның еңбекқор жолдастарының тың игеруге қосқан үлестері жайлы баяндайды.

Кітаптан Торғай тыңын көтеріге қаржы- қайрат жұмсаған басшы азаматтар да бейнеленеді. Олар: «Сары- өзен» совхозының директоры Сартай Омаров, «Тасты» совхозының директоры Бейсенбек Әбенев, осы совхоздың бастауыш партия ұйымының секретары Қабду Сүлейменов, тағы басқа еңбек озаттары, бригадирлер.

Бұл кітап негізінен очерктер циклы. Автор мұнда екі мақсат көздеген. Біріншісі- Торғай тыңының көтерілу тарихын баяндау, екіншісі- елеулі еңбегі бар азаматтардың атқарған ісін суреттеу.

Торғай даласы біздің туған республикамыздың аса бір шұрайлы, бай өлкесі. Атақты Аманкелді батыр бастаған сарбаздардың совет өкіметін орнату үшін күрескен бұл өңірі қазір адам танымастай болып өзгерді.

(Қасым Аманжолов туралы роман.)

Сәбит Досановтың «Екінші өмір» атты романы халқымыздың сүйікті перзенті, дауылпаз талант Қасым Аманжоловтың ақындық өміріне, азаматтық тұлғасына арналған. Қысқа, әйтседе, қызулы өмір сүрген артына халқы сүйген қымбат мұралар қалдырған Қасым сынды аяулы ақын өмірі қай қаламгерге де олқы соқпайтыны ақиқат.

Роман «Дауыл», «Жас дәурен», «От кешу», «Қиын асу» атты төрт бөлімнен құрастырылған. Ұлы Қазан революциясы басталған бірінші бөлім Қазақстанда Совет үкіметі орнап, жас Қасымның алыс сапарға- үміт сапарына аттануымен аяқталады.

Бұл бөлімде оқиғалары қою, тартысы тартымды. Ескі феодалдық өмірдің ірі өкілдері Атайбек, Өтепбергендердің қарымды әрекеттері, оларға деген халық қарсылығы сенімді суреттеледі. Әсіресе Атайбек бейнесі өзінің кесек іс-әрекеттерімен оқушыны көз алдында қалып қояды....

Қасымның анасы Айғаншаны Өтепберген байға тоқалдыққа ұзатуы, сұлу келіні Сүйімбикені алу үшін туған інісіне у беріп өлтіруі..... оның кісі қолымен от көсейтін осындай сан- саналы, сан- қырлы қулық-сұмдықтары нақты іс- әрекеттері арқылы сенімді бейнеленген.

Бұл романды оқу барысында қай бөлімде бөлсын ақын өскен орта мен дәуірдің шыншыл муреттерін, ірі - әрекеттер мен бір- біріне ұқсамайтын күрделі тағдыр, тұлғалы кейіпкерлерді көріп сүйсіндік.

Романдағы күрделі кейіпкерлердің бірі- Орман. Ол Өтепбергеннің баласы, қой терісін жамылған қасқыр. Оның қулығы әкесі Өтепбергеннен де асып түседі.

Қасымды сүйген қызы Қамажайдан айырып, оған үйленетін де, кейін оны Алматыға әкеліп қаңғыртып тастап кететін де, өзінен шені үлкендерге жағымпазданып жылы орынға жайғасып алатын да Қасымның пәтер алуына кедергі жасайтын да... осы Орман.

Автор ақын өскен ортаны суреттей отырып, қаршадай Қасымды өмірдің қат- қабат қиындықтарымен бетпе- бет келтіреді. Сәби кезінен тағдырдың тауқыметін арқан Қасым ойлы, мұңды болып өседі.

Есейгеннен кейін де тағдыр Қасымның маңдайынан сипай қоймайды.

Ақынның бойындағы өзгеше от пен үлкен талантын көре алмаған қызғаншак күншілдер талай рет оның аяғынан шалып, тор құрады.

Жалындаған жастық шағы Ұлы Отан соғысының сыз окоптарында өткен ақын соғыстан кейін ауру мен пәтердің тауқыметін тартады, тағы да сол дарынсыз қызғаншақтардың солақай сындарынан зардап шегеді.

Бірақ ақын қандай қиыншылыққа кезіксе де жақсылықтан үміт үзбейді.

Романда Қасымның өмірін түгелдей қамтитын композиция желісі бар. Ақынның бала кезі

өмірдің ащы- тұщысын көрген өмір жолдары баяндалған. Одан әрі есею, алғашқы шығармаларын жазу тұстары баяндалады.

Романның бірінші бөлімінде ойын баласы Қасымның әр түрлі жазалар мен қазаларды көруі арқылы мұңайғаны, ойға берілу сәттепрі.

Екінші бөлімінде жалынды жастық шақтағы қызулы, қымбат кездерін, үшінші бөлімінде Отан үшін от кеше жүріп халық трагедиясын өз көзімен көріп, қиналған, бірақ болашақ бақытты күндерден күдер үзбеген тұстарын, төртінші бөлімде творчестволық азабы мен ләззатын тата жүріп қуанған, қиналған шақтарын бейнелеген жазушы Сәбиттің суреткерлік қарымы Ақын бейнесін сәтті сомдаған жазушы шеберлігін көреміз. Одан Қасым секілді сүйікті ақынымыз жайлы ерекше ескеріткіш дүниеге келді деп түсінеміз.

Елуінде поэзиямен қауышқан.

Дей алмаймын дара туған данамын,

Ел алдында аласамын, баламын.

Қажетіне жарар болсам халқымның,
Қиналмай- ақ өлімге де барамын.- деп жазушы өзі
жыр жазғандай.

Бала кезінде алғашқы тырнақалдысын өлеңмен бастаған Сәбит Досанов кейін әңгіме, өлең, проза және драматургияға ауысып, біраз жыл өлеңнен қол үзген екен.өозия саласында «Қазағым- ау қайда кетіп барасың?»- атты өлеңдер жина қауымына бір серпіліс жасағаны ақиқат.

Жыр жинағының бастауы да осы жинақтың атымен аталады. Онда өзінің балалық өткен өмір жолын бірер шумақ өлеңмен бейнелес береді. Көңілі ақ, пейілі таза жазушы өмір есігін іңгәләп ашқаннан бері ат жалын тарта мініп, өмір деген алып теңіз бетінің айдынында жүзгенге дейінгі өмір жолы, оның бұршағы мен бұлтты көп, қиындығы мен рахаты, адасулары мен табысулары көп, кедей қазақ деген елдің өткені мен кешегісін, бүгінгісі мен ертеңін ойлау---жазушының мақсат. Осыған мына өлең шумақтары дәлел болса керек.

Мен өмірге келіп едім іңгәләп,
Ес білгелі жүрмін әмән жыр қалап.
Адалмен дос, арамдармен қас болдым,
Жаманымды өткізгем жоқ сырғалап.

Ол өмір мен өлім арасында жатса да туған елін, жерін аяулы дос-жарандарын, ата- ана, бауырларын ескен алып жатты. Тағдыр оған не жазбады. Бірақ, ол өлімді де жеңіп шықты.

Өзінің өлеңінде жеке басындағы оқиғасы арқылы өмірде бар пенденің басында кездесурделі кезеңдерді шынайы да сәттә суреттейді.

Ол өз өлеңіндегі бірыңғай махаббат лирикаларына құлаған. Жарына адалдық, шынайы сезім, шексіз сүйіспеншілік, таза махаббат, міне осындай өлеңдерінің өн бойынан көрініп отырады.

«Елуінде махаббатқа аяңмен келген Сәбең сезімді еріксіз жаулап алады, мойыныңды еріксіз бұрғызады.

Сәбең өлеңдерінде барлық адам бойындағы асыл қасиеттерді бірер сөзге сыйғызып теңеу арқылы беру сәттілікпен шыққаны даусыз.

Жалпы алғанда, жыр жинағы оқушыны бір қуантып тастады. Елуінде поэзияға ден қойған Сәбеңді әлі де талай жыр жинағын шығара береді деген сенімдеміз» - деп өз пікірін білдіреді замандасы ретінде Балта Нұрпейісов.

Ертегінің адамы сияқты ғұмыр кешкен тұлға өмірінде қуалап өлең жазбаса да, аңызға өрнек болатын өмір кешті.

Жиырма төрт жаста самолеттен құлап тірі қалған адам.

С.Досанов тек самолеттен ғана емес, өмірдің сан алуан вулкан тауларыннан тірі өтті .

Досановтың өлеңдері бастан аяқ сондай бір адалдық іздейтін, оқушысының мейірін қандыратын өлең жолдары :

Жақсыны да жаманды да көп көрдім,
Самалеттің апатын да өткердім.
Босағасын көріп қайттып жеті рет,
Өмір және өлі дейтін өткелдің.

Өмірді көрген, онда талай кезеңдердің қызығы мен қасіреттің шыжығын қалдырған ойлы адам осылай жырласа керек!

Шымкент пен Алматы қаласындағы ұшақ апатының салып кеткен жарасы әлі жазылған жоқ. Ұшақ десе үрейіміз ұшатындай күйге де түсіп жүрсек те, «қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген тәмсілге сенуге тиіспіз. Бұл расында солай! Мәселен, осыдан 48 жыл бұрын Алматы әуежайындағы ұшақ апатынан аман қалған Мемлекеттік сыйлықтың иегері, жазушы Сәбит Досанов сол бір күндерді былай деп еске алады.

Бұл 1965 жылы қаңтар айының 4-нен 5-не қараған түндегі оқиға еді. Ұшақ апатынан мен ғана тірі қалдым. Мұның өзі құдіретті күштің бар екенін білдіреді емес пе? Ұшақ ішінде менімен бірге нағашы ағам Бейсенбек Әбенев деген кісі болған. Біз ұшаққа Семей қаласынан отырдық. Ол кезде Мәскеуден келетін рейс бар екен. Соған билет алдық. Әуежайда адам ығы-жығы, өте көп. Бәрі жаңа жылдан кейін Алматыға асығып тұр. Сол уақыттағы ұшақтың ең үлкені – «Ил-18» ұшағына 77 жолаушы сиятын. Не керек, ақыры ұшаққа отырып, Алматыға келе жатырмыз. Бәрі алаңсыз, бейқам. Ұшақтың Алматы әуежайына қонатыны да хабарланды. Әлі есімде, сағатыма қарасам 12-ден 15 минут кетіпті. Мен ұшақтан түскеннен кейін такси ұстау жағын ойлап келемін. Бір мезетте ұшақтың дөңгелегі жерге тигендей болған, көзімнің оты жарқ ете қалды. Әрмен қарай не болғанын білмеймін. Біраздан соң есімді жиып, айналама қарасам, ешкім жоқ. «Бейсенбек! Ешкім жауап бермеді. Қайтадан талып кетіппін. Екінші рет есімді жиып маңайыма көз тастасам, көздің ұшында ұшақ жанып жаттыр екен. Ондай сәтте санаулы секундтың аралығында көп нәрсені ойлап үлгересің ғой, «егер ана ұшақ жарылса, менің үстіме құлайды. Тезірек орнымнан жылжып кетуім керек!» деп ойладым. Орнымнан атып тұрып, бір қадам жасап, құлап түстім. Тағы есімнен танып қалдым. Тұра алмаймын, аяғым бастырмайды және сол жақ бұғанам сынған болуы керек, қозғалтпай қатты ауырды. Әйтеуір қысқа уақыттың аралығында үш рет есімді жиып, орнымнан аунап түсу арқылы алғашқы жатқан жерімнен алысқа ұзап үлгердім. Осыны күтіп тұрғандай, бір кезде жанып жатқан ұшақ гүрс етіп жарылды. Бір кезде ұшақтың үлкен сынығы ракета секілді көкке атылып барып, тура мен алғашқы жатқан жерге құлады. Алланың әмірі ғой, егер мен сол жерде жанталасып қимылдамағанда, өлетін едім. Бәлкім, дәм-тұзым таусылмаған шығар?! Артынан нағашы ағамның жайын естідім. Ол да ұшақ құлағанда онша жарақат алмаған екен. Тек орнынан қозғала алмағандықтан, ұшақ жарылған кезде оның сынықтары басып қалыпты. Әттең, ағам өз жас болса да, сол кезде үлкен қызметтің тұтқасын ұстап, елге қалаулы азамат атанып үлгерген еді. Жалындаған жастық шағында өмірден өтіп кетті. Мен аман қалдым. Кейіннен ауруханада есімді жиғанымда, менімен бірге сол ұшақтағы тағы екі адамды әкеліпті. Өкінішке орай, екеуі де аурухана төсегінде, көз алдымда қайтыс болды. Сонда бір ұшаққа мінген 77 адамның ішінен мен ғана тірі қалыппын.

”Қалайсың” порталы

Халқым үшін бардым талай дауға да,

Қарсы шықтым қасарысқан жауға да.
Шыбын жаным көрінсе де көзіме,
Жалынбадым, сұрағам жоқ сауға да.

Өлең кітабы осылай басталатын айшықты әуенмен ашылған екен де, әрі қарай жерге түсіп, пенделік сәттерін де айтып оқырманға жан- жүрегін ашып, ал, барым осы,өзімді қабылдайсың ба, жоқ, қабылдасан, оныңды айт!- дегендей терезесі тең диалогпен тоқтау табады екен.

Оның сүйген адамына деген сезімі де лирикалық кейіпкер ретінде былай деп жеткізеді: Иіскегенде сенің жібек шашыңды,
Сүйгенімде көзің менен қасыңды,
Шалқып, балқып жұптасты да қос жүрек,
Кең дүниеге ашау болып шашылды.

немесе : Өзге жанды дәл өзіңдей сүйгем жоқ,
Дәл өзіңдей жалын өртке күйгем жоқ.
Сенші сәулем, сезіміме сертіме,
Бұл өмірде махаббат аз, күйбең көп....

Мұндай жыр жолдары өте көп. Осылай өлеңге 50 жасында келген жазушы, өлеңдерін өз өмірімен сабақтастыра біледі. Ол өз еліне, жеріне риза көңілін мынадай өлең жолдарымен білдіреді:

Көпірген көбігіне көл риза,
Лепірген сезіміне – жел риза,
Алған, берген бір тиын болмаса да,
Өміріне Сәбиттің мен риза,
Елі бар топырағы- «Торғай» дейтін,
Болса екен өлеңіне ел риза! деп ол өзінің Сәбит екенін өзін елді ардақтаса деген сезімін білдіреді.

«Ғасырдың жасампаз бір қаламгері» (жеткен жетістіктері)

1965-1985жж.Еңбек жолын Қазақ телевидениесінде редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім менгершісі болып бастаған.

1985-1989 жж.КСРО Әдебиет қорының қазақ бөлімінің директоры,

1991-1995 жж. Респ.халық шығармашылығы және мәдени қызымет көрсету орталығының бас директоры,

1996-1997жж. «Қайнар» баспасының бас директоры болды.

2004-2005жж.Қазақ ұлттық академиясының пр

1964 жылы- Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика фпкультетін бітірген.оф.болып, студенттерге дәріс берді. Жазушылар одағында жас әдебиетшілермен жұмыс жөніндегі Советтің жауапты хатшысы болып істеді.

1973 жылы- Азия- Африка жазушыларының конференциясына,

1986 жылы- Шығыс пен Батыс қайраткерлерінің Бомбейде өткен кездесуіне,

2006 жылы- Мәскеуде,

2007 жылы- Алматыда өткен форумдарына делегат болып қатысты.

Ғылыми атақтары:

2000 жылы- М.Шолохов атындағы халықаралық сыйлықты,
2007 жылы- Қырғызистанның «Алтын қалам» сыйлығын алған.
2007 жылы- Париждегі Сорбонна университетінің, Бішкектегі Қ.Қарасаев ун-тінің ескерткіш медалдарымен,

2010 жылы- Ресейдің «Державин» орденімен, ҚР-ның «Парасат» орденімен марапатталды.

2012 жылы- төрт кітаптан тұратын «Жиырмамыншы ғасыр» роман-эпопеясы үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығын алған.

Африкадағы Ангола, Қазақстандағы Қостанай, Арқалық қалаларының, Аманкелді, Ақсуат аудандарының құрметті азаматы атағын алған.

Сәбит Досанов- алпысыншы жылдар ішінде әдебиетке келіп, бүгінгі прозаның салмақты жүгін көтерген топтың ірі өкілдерінің бірі.

Оның шығармалары оқырмандардың жылы ықыласына бөленіп, жазушы есімі қазір қалың қауымға белгілі.

Түйіндей келгенде айтарымыз, С.Досанов шығармашылығы еркін ақыл- ой мен қажырлы еңбеіті тоғыстырған көркемдік кестесі келісті, өзгеше әлем.

Себебі, қалам тартқан қай тақырыбын да сана сүзгісінен өткізіп, өрелі ой айтудың құралына айналдыратын жазушының арманы да асқаралы.

Қазіргі таңда Қазақстан Жазушылар одағы әдебиет үйінің директоры.

Талант пен еңбегінен тапқан бақыт.

(ақын- жазушылар естеліктері)



..... Сәбит жазған «Ботагөзде» -Досанов, Досановқа әнімізді қосалық.

Туған жерге тұлға болса, бір адам –

Сол адамың—осы Сәбит Досанов. –

деп, ақын досы Өтежан Нұрғалиев жыр арнаған тұлға жайлы ақын- жазушылардың ой-толғамдарын, достық пікірлеріне кезек берейік.

Тәкен Әлімқұлов.

С.Досанов табиғатты суреттеуге, лиризмге бейім де, шебер де, Адамдардың қарым-қатынасын да шынайы қалпында көрсете

біледі.

Сәкен Жүнісов:

«С.Досанов- әр жанр айдынында құлаш ұрған жазушы. Оның қаламынан очерк, публицикадан бастап, әдебиет және театр сыны, көлемі мен көтерер жүгі жағынан күрделі шығармалар саналатын романдар мен пьесаларға туды.

Өмірде, өнерде қаншама көп қиындық көрсе де елі үшін тер төккен жазушы болған, өз тақырыбы, өз қолтаңбасы, өз оқырманы бар Сәбит Досановты бақытты жан дер едім»

Серік Тұрғынбеков:

Сәбит аға, Сәбит аға сүйікті,

Армандатқан асқар таудай биікті.

Әркез дәмді кітабымен, сөзімен,
Сүйген халқын сүйсіндірді, ұйытты.- деп ерекше сезіммен өлең арнаған.

Әсия Беркенова .

Халқына бердің жаныңның мейір- жылуын,
Заңдылық содан төрінде бедел тұруың.
Қалмады жанр сен, сірә, қалам салмаған,
Сен ғана сүйдің қазақтың небір сұлуын деп жыр жолдарын ағасына арнаған екен.

Иә, Сәбит Досанов көп жанрлы жазушы. Оның қаламынан очерк, публицистикадан бастап, әдебиет және театр сыны, тіпті күрмеуі қатты күрделі шығармалар- романдар мен пьесаға дейін туды»

Айта берсек, жазушыға тілек арнамаған, пікір жазбаған ақын жазушылар аз емес.

1. Х. Мұсабаев «Тұлғаң толы ірілік пен мықтылық оқитын Дәурен Айдана

1. Шапағат Хабибуллин «Сәбитжан, естігенле келгенінді,,» оқитын Бөлекбаева Айгерим

Талантпен қоса жанкешті еңбекті қажет ететін жазушы өмірінің сүйініші мен күйініші қатар жүреді, қуанышы мен қайғысы қабат өріледі.

Осындау тағдыр С. Досанов өмірінде де орын алғанын бәріміз білеміз. 2013 жылдың тамыз айында ұлынан айрылып қайға- қасірет шырмауына ілінген еді. Осыған орай С. Досанов ұлы жайлы қазасы, өмірі жайлы жаңа кітап жазған болатын ол кітап «Өмір сүрі оңай ма...» деп аталады.

2014 жылы Алматы қаласы «АРДА» баспасынан шыққан.

С. Досанов- рухани өміріміз жүдеушілікке ұшырып отырған қазіргі кезде әр- түрлі бағытта ізденіп, жана ғасыр әдебиетіне барлау жазап жүрген қаламгер

Уақыттан оза шауып күн ілгері,
Жұлдыздай қараңғыда жол сілтеген.
Сәбит ұл- заманының кемеңгері,
Ғасырдың жампоз, жайсаң

қаламгері.

Айтарын кеш айтпаған, кезінде айтқан,

Саралап зерделі ой, сезімді айтқан.

Ер мінез, өршіл намыс, күш- қуатын.

Бойына талайлардың жалындатқан.- деп шынайы сезімде жыр арнаған екен ақын Ғайынжамал Бердалиева.



Құрастырған кітапханашы:

З.С.Сығаева.

Пайдаланған әдебиеттер:

Ахметова Мариям. Замана және адам тағдыры: [жазушы С. Досановтың шығармашылығы туралы : суреті бар] / Ахметова Мариям // Жұлдыз. - 2014. - № 1. - Б. 164-175.

Досанов С. Адаспаңдар, адамдар: деректі повесть / Досанов С. - Алматы: Санат, 1999. – 544 б.

Досанов С. Алыстағы аяулым: хикаят, әңгіме, новелла, пьеса / Досанов С. - Алматы: Атамұра, 1996. - 224 б.

Досанов С. Бақыт оңай қонбайды: док. повесть / Досанов С. - Алматы: Атамұра, 2003. – 400 б.

Досанов С. Қыран мен жылан: әңгімелер / Досанов С.; алғы сөзін жазғ.: С. Қирабаев. - Алматы: Қазақстан, 2008. – 310 б.

Досанов С. Ұйық: роман - Алматы: Арда, 2005. – 389 б.

Өмір сүру оңай ма...: Көркемсөз, көсемсөз, өлең, ән, күй, естеліктер / құраст.: С. Досанов, Қ. Аққошқарова. - Алматы: Арда, 2014. - 22 б.

Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық / бас сарапшы: Б. Әбдіғалиев. - Алматы: Аруна Ltd, 2005. - 163 б.



«Дулат өз ортасында үстем тапқа қарсы, онда да оның бұқара халыққа жасаған зорлық-зомбылығына қарсы бірінші болып тойтарыс берген ақын».

Құлмат Өмірәлиев



«Мәңгі өшпес жырларымен із қалдырған» (Кеш-портрет)

Мақсаты: ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында ғұмыр кешкен кемел ақын Дулат Бабатайұлының шығармаларының маңыздылығын, өміршеңдігін түсіндіре отырып, толғаулары арқылы адамгершілікке, шынайылыққа, ұлттық рух пен патриоттық сезімге тәрбиелеу және өмірдегі болатын әділетсіздікке өз тұжырымын жасай алатындықтарын үйрету.

Түрі: кеш портрет

Көрнекіліктері: ақынның шығармалары жинағы, интерактивті тақта, презентция, бейнежазбалар.

Барысы:

1. Зар заман поэзиясының көрнекті өкілі.
2. Поэзия минуты
3. Ақын өлендерінің ерекшелігі
4. "Еспембет" поэмасы

Кітапханашы:

Сырымды менің сұрасаң,
Тұманның суық суындай
Кеудеме қайғы толған соң
Тынық сумен жуынам
Сорғалаған нөсердей,
Жырын тында, Дулаттың»

деп ақын жырлағандай бүгінгі біздің портреттік кешіміз ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі - ақын, ойшыл - Дулат Бабатайұлының шығармашылығына арналады. «Бір ел- бір кітап» республикалық акциясы бойынша зар заман ақындарының арасындағы жарық жұлдыз - Дулат Бабатайұлының «Өсиетнама» кітабы . Акцияның мақсаты – ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік деген туындыны оқу және насихаттау, қоғамның оқуға деген ықыласын көтеру.

Слайд (Бір ел – бір кітап акциясына -10 жыл).

"Дулат-бар ақындық қуатын ел- жұртының санасын өлеңмен оятуға ат салысқан тарихи тұлға". М.Әуезов

Жүргізуші: Дулат Бабатайұлы – қазақ әдебиеті тарихындағы көрнекті тұлғалардың бірі. Ол 1802 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданында дүниеге келген. Найманның Қаракерей табындағы Сыбанның

Жарасқұл әулетінен шыққан. Ауыл молдасынан оқып, мұсылманша сауат ашқан ол кейін шағатай, түрік тілдерін игереді. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіне қомақты үлес қосқан.

Дулат Бабатайұлы өзі өмір сүрген кезеңнің шындығын көркем бейнелеуде біраз табысқа жетті. Сол замандағы кері кеткен мәселелерді шеней отырып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге шақырады. Туған жер, адамның іс-әрекеті, мінез құлқы, тарих көші, кәсіп туралы әр алуан тақырыпты арқау еткен оның қаламынан өткір сатира дәрежесіне дейін көтерілген туындылар туды. Кеңестік дәуір тұсында оның шығармалары біржақты қаралып, көркемдік-эстетикалық талап тұрғысынан әділ бағаланбады. Ескішіл, феодалдық қоғамның жыршысы ретінде тану – ақын шығармаларына берілген біржақты баға.

Оның туындылары 1965 жылы шыққан «Үш ғасыр жырлайды» («Жазушы»), 1989 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты құрастырған екі томдық «Бес ғасыр жырлайды» жинақтарына енді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ақын мұралары қайта зерттеліп, оның бұл уақытқа дейін жарияланбаған бір топ шығармалары жарық көрді. Дулат Бабатайұлының мұрасын жинау, оны ғылыми айналымға түсіру барысында Қ.Раевтың атқарған шаруасы қыруар. Ақын мұрасын жинақтап «Өсиетнама» (Ғылым, 2001 жылы) атты толық шығармалар жинағын шығарған ол «Дулат Бабатайұлы шығармаларының поэтикасы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады (2002). Игілікті бастама жалғасын тауып 200 жылдық мерейтойы қарсаңында, 2002 жылы «Кеудем ақыл сарайы» («Ер-Дәулет») және академиктер З.Ахметов пен С.Қасқабасовтың басшылығымен 2003 жылы «Тұнық тұма» деген бір томдық жинағы, «Дулат Бабатайұлы» (Раритет, 2003) жинағы З.Серікқалиев пен Қ.Раевтың дайындауымен жарық көрді.

Ол-Патшалық Ресейдің қазақ өлкесін күшпен отарлау кезеңін, одан туған зобалаңды өз көзімен көріп, соған барынша наразылық білдірген. Отарлау саясатының қазақ елін талан-таражға салу әрекетіне қарсы шыққан, халықты күреске шақырған күрескер ақын. Енді ақынның «Осындай заман кез болды» жырын тыңдайық.

«Елің түсті езгіге,
Жол бермей дұрыс сөздіге,
Көр соқыр бермей тізгінін
Көкірегі көздіге:
Елдің қамын жейтұғын,
Мынауың теріс дейтұғын,
Шетке қарсы тұратын
Ішіңнен шыққан адам жоқ.
Кешегі қайран сәулетің,
Толықсыған дәулетің,
Кең несібе нәубетің,
Береке бірлік ұйтқылы
Басыңнан кетіп жүйткіді-



Қайта айналып келмейді,
Іздегенмен саған жоқ.
Осындай заман кез болды,
Ер дегенім ез болды,
Қамқа, торғын бөз болды,
Саф алтының жез болды,
Арындаған тұлпарын
Азғындап шабан, шалаң боп.

Кітапханашы: Ақын жастайынан теңсіздік пен әділетсіздік зардабын көзімен көріп, жанымен сезінген. Сол қиындықтарға қарамастан өнер жолын жастайынан қуып өсті. Жастарға үлгі-өнеге берерлік, тәрбиелік маңызы зор өлеңдері, көптеген нақыл сөздері мен өсиеттері тәлім –тәрбиеге толы. Ендеше ойшыл ақының «Даналық дария сөздеріне» назар аударайық
Бейнежазба «Даналық дария»

Кітапханашы: Дулат ақын өз заманының айнасы ғана емес, сол заман тудырған халық зарының түп себебін танытқан ойшыл. Елінің ұлттық дәстүрі мен ұлттық келбеті, халқының ішкі жан-дүниесінің отаршылдар табанының астына тапталуы оның жанына батады. «Еспенбет» дастаның басты тақырыбы-туған жеріне оралып, еліне қамқор бола білген батырдың ерлігі. Бұл дастанда халықтың көзін ашу, заманмен аяқты тең басуды, ақиқат үшін күрескер болған Еспенбет батыр тұлғасындағы жақсылық, ізгілікті, айқын суреттеген.

«Еспенбет» дастанынан үзінді
Жатса-тұрса, Еспембет
Тұлпар мінсем деуші еді,
Қару сайман асынып,
Шепті бұзсам деуші еді
Ішқұса болып асығып,
Туған елін ойласа,
Қалатын жасып, басылып

Өле-өлгенше ел болды
Еспенбеттің арманы.
Өзімен бірге жасады
Астындағы тарланы.
Бәрін айт та, бірін айт,
Еспенбеттей ер туса,
Ер күтетін ел қайда?

«Сарыарқа» күйі

Жүргізуші: Ақын жырлары отарлық езгіні жеткізе әшкерлеп, ұлт бостандығы, ұлт мәдениеті, ұлт тәрбиесі мен рухани жан тазалығы жолында көркем сөз өнеріне өшпес із қалдырған. Қазақ үшін ауыр кезеңдерде теңдік үшін, азаттық үшін елін біріктіруге үн қосқан.



"Айтқызбасымды айтқыздың"

Менің атым – Байғыз қарт,
Көзге түсер сиқым жоқ,
Орынсыз күлер күлкім жоқ,
Есепсіз ұйықтар ұйқым жоқ.
Көзге қораш бойым бар,
Теңізден терен ойым бар,
Шынардан биік санам бар,
Атан өгіз ағызған
Ақылдан алпыс салам бар.
Қорған құрыш сөзім бар,
Бұлттан өтіп, мұнарды
Болжайтұғын көзім бар...
Қайратымнан атым зор
Белгілі атым әлемге.
Қорашсынсаң денемді,
Кеудем – ақыл сарайы,
Кірем десең, кел, міне, –



Бұл – ақынның автопортреті. Мұндағы "көзге түсер сиқы жоқ", ел тағдырын ойлап, сирек күліп, аз ұйықтайтын, атағы алыстарды шарлаған кемеңгер, ақылы дария, сөзі алтыннан ауыр Байғыз қарт – ақынның өзі.

Шынында да, ол өз заманының "байғыз қарты" атанған дана, "Көнелерден сұрасам, сөзін жинап, құрасам", – деп өзі айтқандай, ел тарихы, өмір сырынан жинаған білім, білігі де ұшан-теңіз кісі болған, ақындық атағы да қатты шыққан. Бұған жыраудың басқа өлең, толғауларынан да дәлел боларлық мысалдар табылады.

Жүргізуші: Бұқар мен Ақтамберді жырауларды ұстаз тұтқан, өлеңді ауызша да жазбашада шығарған Дулат жырау қазақ поэзиясын мазмұн, тақырып жағынан байыта түсті.

Ақынның жеке жыр жинағы "Замана сазы" деген атпен 1991 жылы жарық көрді. Ақынның "Тегімді менің сұрасаң", "О, Сарыарқа, Сарыарқа", "Асқар таудың сәні жоқ", т.б. жырлары мен жеке кісілерге айтқан "Сүлейменге", "Бараққа", "Кеңесбайға", т.б. арнау өлеңдері енді.

Шығармашылын зер салып, зерттеген Ұлттық Ғылым Академиясының мүшесі, Мемлекеттің сыйлықтың лауреаты Р. Сыздықова «Дулат-Абайдың алдында өткен қазақ зергерлерінің ішіндегі ең мықтысы. Ол мәдени-рухани дүниемізден өз орын, үлке орын алуға тиіс ақын» -деп баға берген.

Дулат Бабатайұлы туралы сын пікірлерге бейнежазбадан көрсету.

Жүргізуші: Ақын –«Сауыр жерден айрылып» жырында туған өлкесінің сұлу табиғатын ардақтап, өзін соны қорғаған қызғышқа теңейді. Елін, жерін жанындай жақсы көріп, оның тағдырын ойлап, күйзелген ұлы жырау тек шындықты, шынайы сезімді бейнелейді. Оның туған жер туралы толғауларының тарихи мәні де, тәрбиелік құндылығы да сонда.

«Сауыр жерден айрылып»

Тауды екіге жарасың

Тасты қашап арасын.
 Кесіп өтіп кезенді,
 Аякөз, қайда барасың?!
 Жағаңдағы сұлу тал,
 Саясының шөбі бал,
 Ерекше семіз ішкен мал.
 Сумаң қағып сүйріктей,
 Шалқып шапқан жүйріктей
 Екіге бөліп ерке су
 Қас пен көздің арасын!
 Аякөз, сенің бойыңда
 Несібе, ырыс тегіс қой,
 Сай-салаң тоған жеміс қой,
 Қырың –малдың кіндігі,
 Ойың-өнім егіс қой
 Айтуға ауыз келеме,
 Аякөз кімнің жері еді?
 Жер сауырын-жайлауды
